

Астықты ауданның әлеуеті артады



2-бет

Тарифтің өсуі сапаны арттыра ма?



3-бет

Орынды ұсынысты қуана қолдаймыз



5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

 www.ortalyq.kz

 www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 13 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №52 (23 228)

 www.facebook.com/ortalyq.kz/

 info@ortalyq.kz

МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Полиция қызметі – халық сенімінің айнасы

ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Қарағанды облыстық Полиция департаментінің жаңа басшысын тағайындап, көпшілікке таныстырды. Сондай-ақ, облыс активімен және қоғам белсенділерімен кездесу барысында Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын таныстырып, маңыздылығына тоқталды. Кездесуге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, жиынды өзі жүргізіп отырды.

 Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов алдымен жеке құрамға өңірлік Полиция департаментінің жаңа бастығын таныстырды. Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің келісімімен Қарағанды облыстық полиция департаментінің бастығы болып Санжар Әскенұлы Әділов тағайындалды. Ведомство басшысы жаңа бастықтың бірқатар жауапты лауазымдарда жұмыс тәжірибесі мен жоғары кәсіби шеберлігін атап өтіп, жаңа жұмыс орнында жетістікке жетуіне тілектестік білдіріп, ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді. Сондай-ақ, министр осыған дейін департамент бастығы болған Ерлан Фаизуллинге атқарған жұмыстарына алғыс білдіріп, Қостанай облысындағы жаңа жұмыс орнына сәттілік тіледі.

Министр Марат Ахметжанов Қарағанды облысы полициясының басшылығы мен жеке құрамының алдында полиция жұмысының адамға бағытталған моделіне көшу, проблемаға бағдарланған тәсіл мен сервистік элементтерді енгізу, қағазбастылықтан арылуды жалғастыру, сондай-ақ, қызметті цифрландыру бойынша міндеттер



жүктеді. Сонымен қатар тергеудің жаңа нысандарына, енгізілген заңнамалық түзетулерге, оның ішінде, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы жұмыстың дайындығына баса назар аударды.

– Қоғаммен серіктестікке Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жол-

дауында саяси жаңғыруға және адам құқықтарын қорғау мәселелеріне, сонымен қатар, әділетті қоғам құруға ерекше назар аударды. Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасының жүзеге асуы мемлекеттік билік органдары мен кәсіби полицияның және қоғам-

– деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Ведомство басшысы Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасының принциптері, стратегиясы, қалай жүзеге асырылатыны, қандай жұмыстар жасалатыны, халық қандай игілі-

гін көретіні туралы айтты.

– Әділетті Жаңа Қазақстан құру барысында заман талабына сай түбегейлі өзгерістер болып отыр. Кез келген салада жаңа тәсіл, жаңа өлшем, жаңа индикатор керек. Президент тапсырмасы бойынша Ішкі істер министрлігі 5 жылға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұжырымдама дайындады. Қазақстанда тіркелген қылмыстардың 96%-ы біздің өндірісімізде. Мемлекетке қызмет ететін функцияларымыз бар. Полициядағы өзгерістердің барлығы халық игілігі үшін жасалмақ. Бұл тұжырымдаманың өз ерекшеліктері де бар. Тұжырымдаманы бекіту алдында қоғаммен бірлесіп, халық арасындағы көкейкесті мәселелер, жергілікті аймақтың проблемалық олқылықтарын ескеруді көздедік. Тұжырымдама Президенттің Жарлығымен бекітіледі. Жауапты мекемелер, жауапты сала, қаржыландыру көздері қарастырылған, бүгінгі мәселелердің шешу жолдары бағытталады, жоспар, әдістер көрсетіледі. Жыл басынан бері эксперттер, сарапшыларды жұмылдырылып, тұжырымдама жан-жақты талқыланды. Құқық қорғау саласының маңызды бөлігі ретінде полиция қызметкерлеріне – қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмыспен күресу, құқық қорғау саласындағы ең маңызды міндеттеме жүктеліп отыр, деді министр Марат Ахметжанов.

Министр Қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдама-

сының бағыттарының бірі ретінде жүйеішілік өзгерістерге жеке тоқталды. Атап айтқанда, сотқа дейінгі процесті оңтайландыру, кадр саясатын қайта қарау, ішкі конкурстық іріктеуді енгізу негізінде қызметкерлерді ілгерілету тәртібі, қызметкерлердің жұмыс жағдайларын жақсарту, материалдық-техникалық жарақтандыруды нығайту жөніндегі шаралар. Марат Ахметжанов бұл – полиция қызметтерінің сапасын жақсартуға және азаматтардың сеніміне ие болуға бағытталған шаралардың бір бөлігі екенін атап өтті. Ішкі істер министрлігі жүйеішілік өзгертулерді одан әрі іске асыруды жалғастыратын болады.

Кездесу барысында министрліктің басты назары азаматтардың қауіпсіздігі мен полицияға сенімі екенін атап өтті. Мұндай тәжірибе халықтың пікірін үнемі зерделеуге және оны ескере отырып, жұмысты жетілдіруге мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

Достық үйінде өткен кездесу соңында министр Марат Ахметжанов қоғам белсенділерінің сұрақтарына жауап берді.

Одан кейін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде министр оқу орнының ғалымдарымен, оқытушы-профессорлық құрамымен және студенттермен кездесті.

Ведомство басшысы кездесуде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа тұжырымдаманың ерекшелігін таныстырды. Сонымен қоса, жастарға біліммен қоса тәрбие берудің маңыздылығын айтты. Министр ғылыми қызметкерлермен, жастармен пікір алмасты.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг
	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 тг

📍 Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.

📞 Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұл – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Судың сұрауы артып келеді

Халықаралық нарықтағы ең ірі инвестициялық банк саналатын «Goldman Sachs» банкінің сарапшылары алдағы бес жылдың ішінде Орта Азияда су үшін тартыс өрши түсетінін алға тартып отыр. Өз кезегінде Президент су ресурстарын пайдалануға квоталарды енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. «Бұл – стратегиялық маңызды міндет. Болашақта су мәселесі шиеленісуі мүмкін. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеуде. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға ерекше назар аудару керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Жаңа Су кодексі 2023 жылы Парламент қарауына ұсынылады.

 Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Отандық мамандардың пайымдауынша, халықаралық ірі инвестициялық банк сарапшыларының сөзінің жаны бар. Гидрогеолог маман Ғазиза Түсіпбекованың пайымдауынша, алдағы бес жылда расымен де Қазақстанда су тапшылығы анық сезіле бастайды. Қазірдің өзінде елде су тапшылығын сезініп отырған ауыл-аймақтардың көлемі артпаса, кеміген жоқ.

– Қазір бізде ауыз су мәселесі өткір тұр. Қытымыр қыс келсе де, жадрап жаз шықса да, Қазақстандағы ауыз су мәселесі бір толастаған емес. Біз ауыз су мәселесін шешуді 2002 жылы қолға ала бастадық. Осы жылдары елдегі су тапшылығын шешу үшін мемлекеттік бағдарламалар қабылдана бастады. Алдымен біз халықты таза ауыз сумен қамтиды деп «Ауыз су» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыс істедік. 2002 жылдан 2010 жылға дейін созылған бағдарлама бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуы керек еді. Бірақ, бұл бағдарламаның нәтижесі ауыз толтырып айтарлықтай болмады. Бағдарлама аясында 350 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұдан соң «Ақ бұлақ» бағдарламасы қолға алынды. Бұл бағдарлама бойынша 2020 жылға дейін бюджеттен су мәселесін шешу үшін жыл сайын 90 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінетін болды. Бірақ осы бағдарлама да айтарлықтай жетістік бере қоймады. Біздегі ауыз су мәселесі әлі де



басы ашық күйінде сақталып отыр,– деді Ғазиза Түсіпбекова.

Бұл бағытта, Президент те алаңдаушылық білдіріп, ғылыми ұстанымды, инновацияларды, озық халықаралық тәжірибені басшылыққа алу қажеттігін қадап айтты. Елде судың 65%-ы ауыл шаруашылығына жұмсалады. Бұл ретте оның шамамен 60%-ы іс жүзінде құмға сіңуде. «Мұндай ысырапшылдыққа жол беруге болмайды» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Президент жаңа тарифтік саясатқа көшу қажеттігін де алға тартты. Әлбетте, суға қатысты реформаны жеделдетпесе, жағдай одан сайын күрделене бермек.

Мәселен, сумен жабдықтау объектілерін, су саласын цифрландыру принципті маңызға ие. Суару арналарын ауқымды реконструкциялау, гидротехникалық құрылыстарды дербес басқаруға көшу, суды есепке алуды автоматтандыру, су ресурстарын пайдалануға квоталарды енгізу күтілуде.

– Бұл Су Кодексінде әр өңірдегі су ресурстарын қорғап, пайдалану және профилактикалық тексерулер жүргізу, эколог, инспекторлардың мәртебесі мен өкілеттіктерін, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларды материалдық-техникалық жарақтандыру, әлеуметтік қорғау мәселелерін айқындау



саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нормаларды бекіту ұсынылады. Бір қарағанда елеусіз көрінгенімен, бұл шаралар айналып келгенде осы салаға игі ықпалын тигізеді, – дейді Қарағанды облысы экология департаментінің бөлім басшысы Нұрболат Сәдібек.

Осы мәселелердің барлығы сапалы нормативтік-құқықтық және заңнамалық қамтамасыз етуді талап етеді.

Су мәселесіне келгенде, Қазақстанның тарнешекаралық аймақта жатқанын ұмытпауымыз керек. Дипломатиялық қарым-қатынастарды нығайту үшін Үкімет бірқатар істерді тындырар. Бірақ, бұл арада қосымша сауатты бағыттарды да қарастырған жөн.

Ал, ол қандай сауатты бағыттар? Болашақта Қазақстан ауыз су тапшылығын шешуге қалай талпынғаны жөн? Бұл ретте, техника ғылымдарының докторы Ардақ Төлеуов Қазақстан үшін келешекте жерасты суларын шығарудың мәні зор екенін алға тартты.

– Елімізде су мәселесін шешу үшін жерасты суларының көздерін тауып, оны тиімді игерудің жолдарын қарастыру қажет. Бұл мәселеде әрине ғалымдардың зерттеулеріне де назар аударғандық, – дейді Ардақ Төлеуов. Мамандың байыптауынша, болашақта ауыз су мәселесін шешетін ең бірінші бағыт бұл жер асты суларын шығару үшін каналдар қазу керек. Сол кезде ғана Қазақстандағы ауыз су мәселесі сауатты шешіледі.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

●EUR/KZT 485.09

●USD/KZT 444.22

●RUB/KZT 5.88

●CNY/KZKT 64.04

Қазақстан Ұлттық Банкінің 12 мамыр, 2023 жылғы дерегі бойынша

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Астықты ауданның әлеуеті артады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Нұра ауданына барды. Аймақ басшысы ауылдарды аралады, шаруашылықтардың жұмысын көрді, жергілікті тұрғындармен кездесіп, талап-тілектеріне назар аударды. Көктемгі егіс алқабындағы қауырт жұмысты да аралап көрді. Биыл егіс алқабы 10 пайызға ұлғаяды. Шаруалар 313,4 мың гектар егін егуді жоспарлап отыр. Жұмыс қызу жүріп жатыр. Дала жұмысына 1500-ден аса егіс техникасы мен 1200-ден аса трактор жұмылдырылды.

Әкім ат шалдырған Құланөтпес ауылының ажары артып келеді. Бұған жас агрокәсіпкер Сайын Ибрагимовтің қолдауы үлкен болып тұр. Аймақ басшысына агрокәсіпорынның тыныс-тіршілігін таныстыра келе, келешек жоспарымен де бөлісті.

 Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл ажары – инвестор игілігінен

«Құланөтпес» шаруашылығы бидай және басқа дәнді дақылдар өсіреді. Қазір 50 адам еңбек етіп жүр. Дені – ауылдың жергілікті халқы. Қазіргі уақытта жұмыс қауырт. Астық қоймаларын жөндеуден өткізіп, жаңа техникалар сатып алып, соның күшімен тынайған жерді игеруде.

Шаруашылықтың жұмысы жүйелі жүріп жатыр. Суармалы егіншілік жолға қойылды. Наубайхана салынды.

Енді ауылды да өркендету деген мақсат-мұраттарымен бөлісті. Көшелерге қошет отырғызып, гүл егу, саябақты қалыпта келтіру секілді жұмыстар қарқын алған. Жастар үшін спорт нысандарына мен үй салу деген үлкен шаруалардың да жоспары пысықталу үстінде.



– Ауылдағы өркениеттің қаладан кем болмауы үшін күшімізді саламыз. Біз өз бизнесімізді ғана ойлап қоймай, ауылды абаттандырып, инфрақұрылымын дамытумен айналысып жатырмыз. Биыл өз есебімізден екі үй салуды жоспарлап қойдық. Бес жыл ішінде біз 54 пәтер салғымыз келеді. Наубайхана іске қосылды. Мини-маркет салып жатырмыз, – деді игілікті істер аткарып жүрген Сайын Ибрагимов.

Құланөтпес ауылының тұрғындары су мәселесін көтерді. Ермағанбет Қабдулаұлы су құбыры желілерін жаңарту үшін, су сапасын жақсартатын қондырғыларды орна-



туға қаражат бөлінгенін айтып өтті. Мердігерге бұл жұмысты биыл толық аяқтау керегін тапсырды.

Ірі жобалармен – ілгерілеуге

Аудан әкімі Бақытжан Мұқанов ауылдарды дамыту үшін инвесторларды тартуға күш салатынын атап өтті.

– Құланөтпес ауылы Шахтер, Қайнар, Жараспай сияқты үлгілі ауыл атану үшін әлі де жұмыс істейміз. Біз басқа елді мекендерде де жұмыс істеуге дайын инвесторларды іздеудеміз. Мысалы, Ахмет ауылында макарон цехын салу жо-



басы бар. Және Өзбекстаннан келген инвесторлар алабалық өсірумен айналысуға ниетті, – дейді Бақытжан Мылтықбайұлы.

Аудан әкімі 10 инвестициялық жоба әзір тұрғанын жеткізді. Мәселен, сүт фермасы, күніне 15 тонна ұн өндіретін кәсіпорын, құс етін өндіру кешені секілді ірі жобалар бар.

Сонымен қатар, ауданның экотуризмін дамыту да назардан тыс қалмаған. Нұра өзенінің жағалауында глэмпинг орнатылады. Ол үшін бірнеше киіз үй сатып алынды.

Жол азабы азаяды

Нұра ауданының Жараспай, Құланөтпес және Изенді ауылдарында су құбыры желілерін қайта жаңарту басталады. Қантай ауылында су құбыры мен Нұра кентінде кәріз желілерін салуға жобалық-сметалық құжат әзірленетін болады.

Аймақ басшысы Нұра ауданына барар жолдағы су торабына тоқта-

ды. Оны мемлекет меншігіне беру мәселесі тез арада шешілу керектігін атап өтті. Сондай-ақ, Қантай ауылының 5 шақырым жолы жөнделеді. Бұл жол Шахтинск қаласына апарады.

«Осакаровка – Нұра» жолының екі учаскесін қайта жаңарту жалғасады. Биыл теміржол өткеліне жол ашу жоспарлануда. Келесі жылы «Нұра – Шахтерское – Пржевальское» автожолын жөндеу аяқталады. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша сегіз ауылда кентішілік жолды жөндеуге қаражат бөлінді. Мердігерлер анықталды, жақында жұмыс басталады.

– Су тасқыны кезінде Сығанақ және Ақтүбек ауылдарының тұрғындары басқа елді мекендермен қатынауы қиындайды. Бұл мәселені шешу үшін облыстық бюджеттен «Құланөтпес – Нығман» жолын жөндеуге қаражат бөлінді, – дейді облыс әкімі.

Аудандағы барлық жолдарды кезек-кезеңімен ретке келтіруге мүмкіндік беретін бес жылдық жоспар жол азабын жоқ ету үшін жасалып жатқан бірден-бір шаруа.

«Барлық мәселе шешімін табады»

Нұрада 20 пәтерлі жалға берілетін тұрғын үйдің құрылысы жалғасуда. Биыл кезекте тұрған 40 отбасы жаңа тұрғын үйге кіруі тиіс.

Сондай-ақ, Нұра кентінде және Ахмет ауылында жеке тұрғын-үй құрылысы басталады.

Нұра ауданында алты мектеп жөнделеді. Келесі жылы «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша жаңа оқу орнының құрылысы басталады.

– Нұра кентінде жаңа мектепке жер бөлініп, тиісті құжаттар дайындалуда. Сондай-ақ, Заречное мен Байтуған ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынады. Мен бұл аймақта дәрігер жетіспейтінін білемін. Бұл – біраз ауылда бар мәселе. Былтыр 16 маман келді, биыл тағы екі дәрігер – педиатр және анестезиолог-реаниматолог келеді.

Біз жас мамандарды тарту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Биыл дәрігерлердің кейбір санаттары үшін жәрдемақы сомасы 5 миллион теңгеге дейін көбейді. Бүгін айтылған барлық мәселелер мен сұрақтар шешілетінін болады, – деді өңір басшысы.

Аудан тұрғындары жол, аулаларды абаттандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу мәселелерін көтерді. Кездесуден кейін облыс әкімі нұралықтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Жылжымалы кешен – жақсы мүмкіндік

Облыстың 28 мыңнан астам тұрғыны жылжымалы медициналық кешендерде тексеруден өте алады. Бұл – ауылдар мен кент тұрғындары үшін жақсы мүмкіндік. Биыл да олар шалғайдағы барлық елді мекендерді аралайды.

Қарағанды облысында 7 жылжымалы медициналық кешен бар. Олар барлық медициналық құралдармен жабдықталған. Арнайы мамандар да бекітілген. Биыл барлық аудандар мен Приозерск қаласының жалпы саны 28 мыңнан астам тұрғынын тексеру жоспарланған.

Абай ауданының орталық аудандық ауруханасының жылжымалы медициналық кешенінің жұмысы ақпан айында басталған. Дәрігерлер ауданға қарасты ауылдарға аптасына екі рет барып, көмек көрсетті. Кешенде ересектермен қатар балаларға медициналық көмек көрсететін топ бар. Оның құрамына хирург, невропатолог, эндокринолог, офтальмолог, стоматолог, педиатр, УДЗ мен ЭКГ жасайтын дәрігерлер кіреді. Ересектер кардиолог, отоларинголог, офтальмолог, стоматолог, хирург, эндокринолог, акушер-гинеколог, терапевт, УДЗ мен ЭКГ маманы қабылдауында болады.

Үш айда кешен сегіз ауылды аралап шықты. Дәрігерлер 1700-ден астам адамды тексерді. Оның 108-інде алғаш рет қан айналымы жүйесі, қалқанша безі, құлақ және көз, сүт бездерінің аурулары, омыртқа жарығы анықталды, 70 адам қосымша тексеруге жіберілді. Жыл соңына дейін Абай ауданының 2400 тұрғынын тексерумен қамту жоспарлануда. Дәрігерлердің қабылдауы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС шеңберінде жүргізіледі.

– Бригадалардың көшпелі тексерулерінің арқасында шалғайдағы ауылдарда аурулардың анықталуы артты. Жаңадан анықталған пациенттер тексеріледі, динамикалық бақылауға алынады, оларға сауықтыру іс-шаралары жүргізіледі. Ауыл адамдарды әдетте медициналық көмекке дер кезінде қол жеткізе алмайды. Сондықтан, мұндай кешендер олар үшін жақсы мүмкіндік. Барған сайын пациенттер өздері келген дәрігерлердің еңбегіне алғыс айтады, – дейді Абай ауданының орталық аудандық ауруханасының статистикалық дәрігері Наталья Сидоренко.

Өз тілшімізден

Мүмкіндігі шектеулі жандарға мүмкіндік мол

Олар мейірімді, көзқарастары, ой-тұжырымдары, түйсіктері бөлек. Бойдағы күш-жігер, іштегі бұлқыныс оларды өмірді ынта-ыңынтасыммен сүюге жетелейді. Табиғатынан талантты, талапты жандардың бұл тобы – мүмкіндігі шектеулі жандар. Елімізде оларға жан-жақты қолдау көрсетіліп, кедергісіз орта қалыптастыруға жағдай жасалған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда ешкімнің құқығы шектелмеуі керек», деп ерекше күтімді қажет ететін жандарға ыңғайлы орта қалыптастыру қажеттігін тапсырды.

 Сағыныш ӘБЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде 695 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар, олардың 95 мыңы – балалар. Бұл көрсеткіш жылы сайын 3-4%-ға өсіп отыр. Қорқынышты көрсеткіштің алдыңғы үштігінде Түркістан, Алматы, Қарағанды өңірлері тұр. Он екі мүшесінде ақау болғанымен, қалыпты жағдайда өмір сүруге бейім тұлғаларды бүгінде кез келген салада кездестіруге болады. Ел қатарлы еңбек етіп, кәсібінен нәсібін тауып отырғандары қаншама. Білімді де білікті мамандар қатарын толықтырып жүрген жандар да жетерлік. Яғни, қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекет тарапынан жасалатын мүмкіндіктер ауқымы артып, әлеуметтік жәрдемақыларды да өскен. Кенді аймақта да мүмкіндігі шектеулі жандарды мұнайтас үшін, оларға қолдан келгенше қолдау көрсетілуде. Бүгінде аймақта мүгедектігі бар 55 мың 396 адам бар. Жалпы халық санының 4,9%-ын құрайды. Оның 4 мың 834-і –

18 жасқа дейінгі мүгедек балалар. Биыл әлеуметтік осал топ өкілдерін әлеуметтік қолдауға облыс бюджетінен 476 млн. теңге бөлінді. Қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында 2021 жылдан бастап «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы оңалту құралдарына тапсырыс беру мүмкіндігін де қарастырып қойған. Бұл порталдың қызметіне бүгінде 10206 адам жүгінеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар жүріп-тұру да жеңілдетілген. Аймақтағы 13 өңірде – Қарағанды, Саран, Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Приозерск қалалары, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра және Осакаровка аудандарында 56 автокөлік инвентакс қызметін көрсетеді. Оның 20-сы арнайы көтергіш құрылғымен жабдықталған. Биыл бұл қызмет тұрымен 1000-нан астам адам қамтылады. Оның 332-сі мүгедек бала.

«Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс, бұл – өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз» дейтін азаматтар да жоқ емес. Мәселен, Қарағанды қала-

сында бертіңде ашылған Ten Qogam әлеуметтік бейімдеу орталығы мүмкіндігі шектеулі адамдарға ақпараттық-кеңес беру қызметтерін көрсетіп келеді. Алдағы уақытта Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск, Абай қалаларында осындай орталықтар ашу жоспарлануда.

Мүгедектерді жұмыспен қамту оңай шаруа емес. Десек те, дамыған елдердің бәрінде еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі жандардың жасау қиындау. Екінші бір мәселе – мүмкіндігі шектеулі жандардың көпшілігінде жоғары білімді азамат екендігін дәлелдейтін дипломы, ешқандай мамандығы жоқ. Сондықтан, мүгедек жандар өзі қалаған қызметке орналасып, жеткілікті жалақы алудан қағылады. Міне, осы түйткілдер мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекке тарту кезінде біраз қиындықтар туғызады. Аймақта мүгедектігі бар, бірақ, еңбекке қабілетті 34 мыңнан астам адам бар. Оның ішінде мүгедектігі бар жұмыспен қамтылғандар 34,4% құрайды. Мәселен, биыл облыстағы 49 кәсіпорында 93 адамның еңбек

етуіне мүмкіндік берілді. Алдағы уақытта 70 адамды жұмысқа орналастыру мақсаты тұр.

Мүгедектігі бар тұлғаларды жұмыспен қамтудың тағы бір тетігі – арнайы жұмыс орындарын құру. Бұл жоба 2018 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Биыл мұндай жұмыс орындарын құруға 13 млн. теңге қаражат қарастырылды. Өсіресе, есту және көру қабілеттері бұзылған адамдарға арналып ашылды. Әрі бұл топ өкілдерінің жалақысы 60-65-70% көлемінде үш жыл бойы мемлекет тарапынан субсидияланып отырады.

«Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы шеңберінде мүгедек санатындағы 700 адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Аталмыш жоба шеңберінде мүмкіндігі шектеулі жандар біліктілік арттырып, бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін төмендетілген пайызбен несие мен гранттар алуға және жұмысқа орналасуға мүмкіндіктері болады. Бүгінгі таңда бұл жоба аясында 618 мүгедектігі бар адам қамтылып, оның 331 тұрақты жұмысқа және субсидияланатын жұмысқа орналасқан. «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға – 271 мүгедектігі бар адам жіберілді. Бұл топтағы адамдарға ерекше назар аударатырып, оларды грантпен қамтамасыз етуге баса назар аударылып келеді. Ағымдағы жылы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 10 ата-ана және 6 мүгедектігі бар адам грант алды.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының тұлғалары үшін арнайы «Жастар тәжірибесі» ұйымдастырылды. Еңбекақы 25 АЕК-тен 30 АЕК көлемінде, қатысу мерзімі бір жылға ұзартылды. Бұл жобаға 816



адамды жіберу жоспарлануда. Жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, соның ішінде NEET санатындағы жастар «Бірінші жұмыс орны» жобасына қатыса алады.

Мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдауға арналған бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі жандарға да тиесілі. Аймақта бұл тұрғыда жүйелі жұмыстар атка-

рылуда. Мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек етуге деген құлшынысы аса зор. Қазір жеке кәсіп ашып, еңбегімен табыс тауып жүрген мүгедек жандардың қатары көбеюде. Олар қоғамға масыл болғысы келмейді. Сол себепті, қолдарынан келген кез келген жұмыстан қашпайды. Барлық жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқарады.



• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Тарифтің өсуі сапаны арттыра ма?

Тарифтің қаншалықты өсетіні – халықты толғандырған мәселенің бірі. Ол облыстық мәслихат депутаттарының аймақтарға жасайтын сапары қарсаңында өткен дөңгелек үстелде талқыланды. Себебі, коммуналдық қызметтердің бағасы туралы халық жиі сұрайды. Оны облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов та кіріспе сөзінде айтты. Сондықтан, бұл мәселені алдын ала қарастырып алмақшы. Тарифтің көтерілетіні анық. Алайда, оның бірден емес, жайлап өсуі үшін қандай шаралар қолдану керек, жалпы жоспар қандай деген сауалдар аясында ой бөлісті. «Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет» деген тапсырма берген-ді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Оны орындауда халық мойнына ауыр салмақ түспеуін қадағалайтын осы депутаттар болмақ.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Монополистер де жылайды

Модератор Нұркен Қобжанов айтқандай, аймақта жылу және электр энергиясы саласында қызмет ететін 60 табиғи монополия субъектісі бар. Басқосуда олардың негізгілері жиналды.

Қарағандыдағы электр және жылу энергиясының негізгі өндірушісі болып «Қараганда Энергоцентр» ЖШС саналады. Оның бас директоры Сабырғали Ыдырысов тариф көтеруге түрткі болатын негізгі себептерді атады.

– Былтыр энергия өндіруші кәсіпорындар тарифті көтеруге өтінім берді. Сол кездегі деректер бойынша тариф 10-нан 30 пайызға өсті. Тарифті көтеру алдағы күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындықты көздейді. Индексация қызметкерлердің еңбекақысын көтеру, материалдар бағасының қымбаттауын, тасымалдау шығындарын компенсациялауға бағытталады, – деді ол.

Қарағандыдағы жылыту маусымы 10 күн бұрын ғана аяқталғаны мәлім. Десе де мекеме жөндеу жұмыстарын 1 сәуірден бастап кетіпті. Оған шамамен 13 млрд. теңге жұмсамақ.

– Бұл негізгі деген жабдықтарға есептелген. Жөндеу жұмыстары барысында біз жөндеу, құрылыс материалдарының қымбатшылығына тап болдық. Соның салдарынан қаражат жүйені модернизациялауға жеткіліксіз болып шықты. Былтыр көмірдің өзі жеті рет қымбаттады. Тарифтің бірінші маусымнан көтерілуі біздің бірінші жартыжылдыққа жоспарлаған жұмыстарымыздың толық орындалмауына да әсер етеді. Тозығы жеткен құрылғыларды жөндеу қажетті мөлшерде емес, тарифтің шеңберінде ғана жүргізіледі. Сондықтан, ол толық қамтылмайды. Былтыр Президент айтқан тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту тапсырмасы бойынша біз 2029 жылға дейін бағдарлама әзірледік. Ол – жалпы сомасы 100 млрд. теңгені құрайтын ауқымды жоба, – деген Сабырғали Ыдырысов турбиналық қазандық қажет екенін де айтты.

Оның сөзіне сенсек, биылғы жылыту маусымы жақсы өтті.

– Қолға алынған шаралардың нәтижесінде тұрғындарға берілетін температура бірдейленді. Бұрын Пришахтинск, Сұрыптау станциясы, Майқұдықтың төменгі жағында тұратын тұрғындардан шағым көп болатын. Биыл 110-115 градуусты ұстап тұрды. Биыл алғаш рет қыс ішінде бойлерді тазалауға қол жетті. Жалпы, биыл Энергетика министрлігі осы салада ірі реформаны бастамақ. 1 шілдеден бастап барлық электр энергиясы «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС арқылы өтетін болады. Ол бірыңғай сатып алушы ретінде кейін энергияны бөледі. Бұл жоба қазір талқыланып жатыр, – деді ол.

Жылуға да тариф өседі

Жылу шығындарын азайту тұрарсында «Теплотранзит Караганда» ЖШС бас директоры Андрей Ляпунов сөйледі. Айтуынша, жылу энергиясын беру тарифі – 2818 теңге. Олар да 1 қыркүйектен бастап та-



рифті 5,7 пайызға өсірмек.

– «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына сәйкес, биыл Сатыбалдин көшесі бойындағы жылу жүйесін жөндейміз. Былтыр жартысы жасалған, биыл жалғастырамыз. 2020 жылу жүйелерін зерттеу нәтижесі бар. Ол бойынша тозу 70,2 пайызды құрайды. Жылу жүйелерін қалыпта жағдайда ұстап тұру үшін жылына 50-60 шақырым желіні жөндеу керек. Бірақ, факті бойынша біз 8-12 шақырым ғана ауыстырамыз. Тарифтік сметада жөндеу жұмыстарына көрсетілген 500 млн. теңге жеті



жылдан бері өзгерген жоқ. Бұл қаражатқа жеті жыл бұрын 20-22 шақырым ауыстыру мүмкін болса, былтыр біз 8 шақырым ғана жөндедік. Жаңарту 3 есе кеміді. Бұл да тозған жүйенің көлемін арттыра береді. Біздің есептеуімізше, 2029 жылға қарай тозуды 15 пайызға төмендету үшін бізге 400 млрд. теңге қажет. «Гүлдер» шағын ауданында мектеп салынып жатыр, тұрғын үйлер, сол жердегі 23 шақырым желіге 5 млрд. теңге кетті. Баға қазір осындай, біз одан қашып құтыла алмаймыз. Сондықтан, осы жағдайға икемделу керек, – деп түйінделі сөзін Андрей Васильевич.

Шынымен де, қалада тұрғын үй құрылысы қарқынды, халық саны да өсіп жатыр. Сәйкесінше, тұтынушылар да, электр желілеріне деген жүктеме де артуда. «Қарағанды Жарық» ЖШС бас директоры Нұржан

нушылардың көбі осында. Мұның алдындағы 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламаның қоры әлі бар. Тек біреуі – Жаңа Майқұдық подстанциясы ғана барлық қуатында жұмыс істеп тұр. Ол жерге біз қосымша қуат бере алмаймыз. Сондықтан, ол манай дамымай тұр. Жаңа бағдарламада бұл ескеріледі. Жалпы айтқанда «Қарағанды Жарық» қаланы 90 пайыз электр энергиясымен қамтып тұр, – деді.

Жылу энергиясымен қамту бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылатын «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС басшысы Алдияр Серікбайдың айтуынша, тарифтік смета бойынша еңбекақы көлемі 90 мыңның айналасында. Бұл – аталған сала бойынша орташа еңбекақыдан 3 есе аз.

– Тарифті бекіту жұмыстары

теңгеге кем. Бюджеттік мекемелер келетін болса, бұл айырмашылық «ҚарағандыЖылуСбыт»-тың немесе тұрғындардың мойнына түседі. Бұл 1 маусымнан басталатын тарифтік өсімісіз-ақ 64 пайызға көтерілетінін білдіреді, – деді Алдияр Серікбайұлы.

Мамандар кетіп жатыр

Тағы бір қарастыратын мәселе – кадр тапшылығы. Былтыр «Қараганда Энергоцентр» ЖШС-дан 230 адам шығып кетіпті.

– Жұмыстан шықпау үшін еңбек-ақыны былтыр да, биыл да көтердік. Мамандарды ұстап қалуымыз керек. Наурыздан бастап өз мамандарымызды оқытуды қолға алдық, бүгінде 190 адам оқып жатыр, – деді мекеме басшысы Сабырғали Мұхаметқалиұлы.

Бұл мәселенің өткір тұрғанын «Қарағанды аймақтық энергетикалық компания» ЖШС Сергей Ибраев та айтты.

– Кәсіпорында штат бойынша 750 адам болуы тиіс, іс жүзінде 380 адам жұмыс істеп жатыр. Еңбекақы өте төмен. Тарифтік сметада еңбекақы 117 мың теңге көлемінде бекітілген. Былтыр құрылтайшылар өз есебінен еңбекақыны екі рет көтерді. Қазір орташа еңбекақы – 157 мың. Облыс бойынша біздің салада орташа еңбекақы 345 мың екенін ескерсек, бұл да – аз, – деді ол.

Алшақтық та – кедергі

«Қарағанды аймақтық энергетикалық компания» ЖШС бірнеше өңірге электр энергиясын тасымалдайды. Оның ішінде Осакаров, Абай, Нұра, Қарқаралы аудандары мен Шахан, Долинка, Новодолинка бар. Кәсіпорын директоры Сергей Ибраевтың айтуынша, аймақтардың арақашықтығы – негізгі мәселе.

– Бізде 7 мың шақырым желі бар.

Тарифті қалыптастырғанда көрсетілген қызмет көлеміне қарайды. Бізде ол аз. 15 жылдан бері біздің субъект шығынға жұмыс істеп келеді. Барлық шығынды есептегенде тарифтік өсімі – 85 пайыз болуы тиіс. Бұл – біздің болжам. Бұл тарифті бекіте ме, бекітпей ме белгісіз. Желінің ұзақтығы мен қызмет көрсететін аудандардың арақашықтығына қарамастан, қызмет көлемі өте аз. «Қарағанды Жарық» инвестициялық жобаларды жасай алады, біз үшін бұл мүмкін емес, – деді Сергей Оразұлы.

Бұл үлкен мәселе екенін Нұркен Сайфидинұлы да қостады.

– Сәл жел тұрса, боран болса, ауылдарда жарықтың сөніп қалатыны жасырын емес. Бұл өте үлкен мәселе, – деді ол.

«Қойшы көп болса...»

– Депутаттар халық арасында көп болады. Сонда айтылатын сұрақтың бірі – тарифтің әртүрлілігі. Мәселен, білуімше, Қарағандыда бір киловатт электр энергиясы – 14 теңге, Осакаров ауданында – 21,6, Бұқар жырауда – 19. Жылу мен электр энергиясын тасымалдайтын компаниялардың шарттары әртүрлі. Содан сапа да құрыс болмайды, – дейді Нұркен Қобжанов.

Мұны Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық департаменті директоры Арман Өтегенов түсіндірді. Оның айтуынша, регистрде 103 субъект тіркелген.

– Тасымалдаушылардың көптігі

– бұл мәселенің себебінің бірі. Жаңа айтылғандай, әр өңірде тариф әртүрлі. Неге? Энергияны жеткізушілер көп. Бір «Қарағанды Жарық» немесе «Қарағанды аймақтық энергетикалық компания» отырса, өздерінің 6 теңгесін қойса. Бірақ, оған тағы бірнешеуі қосылса, олардың да 3-4 теңге қосатыны бар. Тариф жеткенше солай өсе береді. Осыдан бірнеше жыл бұрын «100 нақты қадам» деген бағдарлама болды. Оның 51 қадамы біздің облысқа арнайы жасалған еді. Онда өңірлік энергетикалық компанияларды ірілендіру туралы айтылды. Үш жылдың ішінде талаптарға сәйкес келмейтін компаниялар жұмыс істемеуі керек еді. Алайда, заңнама оларға жұмыс істеп кетті. Бұл жерде заңның осалдығы тұр, – деді Арман Тұрсынұлы.

Сонымен бірге, ол бұл да тарифтің көтерілуі күтілетінін айтты.

– Энергетика министрлігі тариф көтерсе, тізбек бойынша барлығы да өседі. Екінші көтерілуі «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының аясында жүргізіледі. Дегенмен, бұл жерде тарифтің көтерілуі кәсіпорындардың өз есебінен де жүргізілгені дұрыс. Тариф жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға және бюджеттік мекемелерге бөлек есептеледі. Біз халыққа салық салмай, бар жүкті бюджеттік мекемелерге артып қойдық, – деді департамент директоры.

Бұл ретте Нұркен Сайфидинұлы бөлінген инвестициялардың қаншалықты бақыланатынын сұрады. Арман Тұрсынұлының айтуынша, қаражат тексеріледі. Алайда, қағаз жүзінде.

– Бізге тапсырылған құжат негізінде барлығы тексеріліп, қабылданады. Алайда, оның іс жүзінде іске асуы жергілікті билікте. Мына көшеде құбыр ауысты ма, бағаны жаңарды ма, оны біз тексермейміз, – дейді ол.

Бақылау жұмыстарын құқық қорғау органдары да жүргізеді. Олар токсынына бір смета бойынша, құжат жағын, нақты нысанға барып, тексере алатынын айта кеткен жөн.

Өңірлер не дейді?

Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әли өңірлер бойынша сауал жолдады.

– Қарағанды мен Бұқар жырау ауданы арасында электр энергиясымен қамтитын бір мекеме бар. Сонда да тарифтегі айырмашылық – 25 пайыз. Тіпті, облыс орталығына тиіп тұрған Үштөбе, Доскей, Көкпекті сияқты елді мекендер де аудандық мөлшерде төлейді. Одан бөлек, салынған инвестициялық ақпарат та айтылмайды. Жасалса, біз халыққа жеткізуіміз керек жасалған жұмыс жайлы. Бірақ, бізге ақпарат берілмейді, – деді Асхат Сағадияұлы.

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов аталған мәселелер барлық аудандарға ортақ екенін жеткізді.

– Барлығында тепе-теңдік болуы керек екенін барлығымыз түсінеміз. Кәсіпорындар да үздіксіз жұмыс жасауы керек, тұтынушылар да сапалы қызмет көруі керек. Құзырлы орган сол тепе-теңдікті сақтауға шаралар қабылдауы қажет. Халыққа ақпаратты қалай жеткіземіз? Бұл ретте «өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» шешім болуы тиіс, – деді Нұркен Сайфидинұлы.

• БРИФИНГ

Теміртау түрленер күн жақын

Қарағанды облысының өңірлік коммуникациялар алаңында бұл жолы Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізді. Ол қаланың 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен биылғы I тоқсандағы қорытындыларын баяндап, жетістіктері мен кемшіліктерін де жасырып қалмады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімінің сөзіне қарағанда, өткен жылы 4 көрсеткіш бойынша өсім байқалған. Атап айтқанда, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1,7 есе артып, 120 миллиард 220,8 миллион теңгені құраған. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 20,1 пайызға немесе 8 миллиард 483,3 миллион теңгеге, бөлшек саудадағы тауар айналымының көлемі 19,1 пайызға немесе 118 миллиард 605,1 миллион теңгеге, құрылыс жұмыстарының көлемі 1,3 есе немесе 62 миллиард теңге 44,8 миллион теңгеге өскен. Керісінше өнеркәсіп өнімін шығару көрсеткіші мен тұрғын үйді іске қосу көлемі кеміген. Бұған логистика мен құрылыс

материалдарының қымбаттауына мердігер ұйымдардың белгіленген кестеден кешігуі әсер еткен.

Бұдан әрі Ораз Қайсаұлы барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері 2022 жылғы деңгейге өсіммен жоспарланғанын жеткізіп, өткен I тоқсанның қорытындыларына да тоқталды. Ол бұл тұрғыда өсім де, құлдырау да барын, оның себептерін де ашып айтты.

Келесі кезекте аумақта шағын және орта бизнес субъектілері санының уақыт өткен сайын өсіп келе жатқаны сөз етілді. Мәселен, өткен жылы ол 10 396 болса, 2023 жылдың үш айында 12 660-қа жетіпті. Соның қазір 10 971-і жұмыс істеп тұрған көрінеді.

Қалалық бюджеттен тыс қаржы көздерінен бөлінген трансферттер 2022 жылы 4 миллиард 457,1 мил-

лион теңге болса, 2023 жылға – 5 миллиард 226,7 миллион теңге.

Халқы 200 мыңға таяу қаланың инфрақұрылымын дамыту мәселесі де әңгімеден тыс қалмады. Теміртаудың тозығы жеткен инженерлік желілерін жөндеуге бюджеттен 9,8 миллиард теңге, сумен жабдықтау және су бөлу тораптарын жөндеуге 3 миллиард 159,6 миллион теңге бөлінген.

Жылыту маусымы 29 сәуірде аяқталғаннан, алдағы қыста қаланы жылумен қамтамасыз етуге жауапты «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бұл мақсатқа 4 миллиард 950 миллион теңге бөліп, 2023 жылдың 31 қазанына дейін жылыту станциясындағы 5 қазандықтың жөндеу жұмыстарын аяқтап, жылыту маусымына дайындауға міндеттелген.

Мемлекеттік қордан тұрғын үй алу кезегін азайту мақсатында 2022 жылы 4 А орамында 90 пәтерлі 2 үйге тұрғындар қоныстандырылып, 339,7 миллион теңгеге 30 көпбалалы отбасы пәтерлер сатып әперілген. Жалпы қала бойынша барлығы 251 отбасы пәтермен қамтамасыз етіліпті.



Енді 2023 жылы көпбалалы отбасыларға 240 миллион теңгеге 20 пәтер сатып алу жоспарланып, конкурс жарияланған. Халықтың

әлеуметтік осал топтары үшін пәтер сатып алуға жергілікті бюджет пен Ұлттық қордан 480 миллион теңге нысаналы трансферттер бөлінді.

Сондай-ақ, қаланың 20 жас маманын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Отбасы банкі» АҚ-мен тұрғын үй несесін беру туралы шарт жасалды (бюджеттен 200 миллион теңге бөлінді). Жалпы, жыл соңына дейін тұрғындарға берілетін пәтерлер санын 300-ге жеткізу жоспарланған. Ал, жеке тұрғын үй салу үшін 495 жер телімінде инженерлік инфрақұрылым салу да аяқталған.

Қалада «Жастар үйінің» ғимараты жаңғыртылып, олар үшін жаңа мәдениет нысаны ашылмақ. Сол сияқты, қала әкімі жолдардың ағымдағы және күрделі жөндеуі, жолашылар тасымалын жетілдіру жайында сөз қозғап, Теміртау қаласы мен Ақтау кентін абаттандыру бойынша алда тұрған міндеттерді де ортаға салды.

Брифингтің соңында Ораз Тәуірбеков өз аймағы тұрғындарымен үнемі кездесіп, олардың толықты мәселелерін тыңдап, оң шешіп беруге тырысатынын мәлім етті. Бұдан аңғарғанымыз, халық үніне құлақ асатын әкімі барда Теміртауда тіршіліктің тоқтамай, жалғаса беретіні.



15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

Әже институты туралы ностальгия

Отбасылық құндылық қайдан шығады? Аргы-бергі салт-дәстүр, ғұрып-тан. Көргеннен көңілге жиганнан тамыр тартады. Одан ажырау – қожырау. Бұрын бізде маңызды әлеуметтік институттар мол еді. Бүгінде соның біразынан айырылып қалдық. Заман өзгерді. Сана құбылды. Оның әсері ғұрып-тық институттарды күресінге шығарып тастады. Соның бірі – ата-әже институты. «Қайта құруды» басынан өткеріп, оңбай қалған институт. Содан да, осы күні жоғалу-жоғалмаудың алдында тұр. Қабырғасы қақырап, шаңырағы шайқалып, босағасы былқылдап. Біреуді сөуге хақымыз жоқ. Мән айтуға да құқысызбыз. Тек бұрынғы әже институты қандай еді? Сол туралы ностальгия ғана. «... Керегі жоқ десе, өз сөзім – өзімдік» (Абай).

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Әжеңді жиі айтасыз» дейді. Шын. Еріктен тыс кейде ауызға көп аламын. Жарықтық әжем – тұңғыш институтым болғаннан соң шығар. Сол кездегі сорымыз, әлде бағымыз, балабақша көрген жоқпыз. Ол уақыттағы ауыл баласының балабақшасы әжелер еді. Менің де балабақшам – әжем. Сабағым – ертегі, аңыз.

Мектепке барғанша таңертеңнен кешке дейін жалқыпай әжемнің ертегісін тыңдайтынмын. Одан қалса, өзінің басынан кеш-

кендері. Қолының тамыры ырсыып көрінген әжімдерін сипалап, «Бұл неге олай?» деген сұрақтар жаудырамын. Оған әжемнің жауабы дайын. Алғаш рет «Алпамыс батыр» жырын әжемнен 4-5 жасымда естідім. Одан соң Алдар көсені, Шық бермес Шығайбайды. Өй-теуір, есімде қалғаны – мектепке барғанда ең көп ертегі білетін мен екендігім. Сонда балалық сұмдық таңданыс туған. «Бұлар қалай ертегі білемейді? Әжелері ертегі айтпай ма сонда? Қалай?» деген. Бұл күні мұндай сұрақ коюдың өзі біртүрлі секілді.

Көзімді ашқандағы таныған Әжем кимешек, бешпент, шапан, байпақ киетін. Кең



Ордалы отбасы мерейі

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміз егемендік алғаннан бергі жылдарда, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша Қазақстанға алыс-жақын шет елдерден 1 084 692 қандасымыз көшіп келген екен. Жалпы, әлемде Израиль мен Германиядан кейін қандастары қабылдап жатқан мемлекет Қазақстан ғана. Қазір олар біздегі қазақ ұлтының 12 пайызын құрап отыр. Солардың бірі – көршілес Монғол Халық Республикасынан ежелден ата-бабасының от жағып, күл төккен орнына келіп түгін түтетіп отырған Абай ағамыз. Ол бүгінде өзіміздің Топар кентінде тұрады.

Ал, Әбекеңнің анасы Оңайжан бірыңғай бала тәрбиесімен айналысып, әкесімен бірге екі ұл, төрт қыз өсіріп, ел қатарына қосады. Сонымен жоғары оқу орнын аяқтаған жас маман Абай Бекейұлы алғаш еңбек жолын ұстаздықтан бастап, 1976 жылдан 1998 жылға дейін Баян-Өлгей аймағының Бұянтғы, Ұланқас, Делуун, Алтай, Саксай сұмындары мектептерінде бастауыш сыныптың, өз пәнінің мұғалімі, мектеп директоры, директордың орынбасары, сұмын партия ұйымының хатшысы, аймақ әкімінің іс басқару органының (аппаратының) басшысы, Азаматтық өкілдік құрылтайының (мәслихатының) төрағасы қызметтерін атқарады. Сонда жүргенде жоғары санаттағы ұстаз, Монғолия білім

осыған қарап, Абай ағамыздың балаларын Ата жұртына алып келіп, қауыштырғандағы мақсатының орындалғанын көргендей боламыз. Менің Әбекеңді танып-білгеніме де 11 жылдан асты. Екеуміз Топар кентінде бір көшенің бойында тұрғандықтан, жиі кездесіп, әңгіме-дүкен құрамыз. Сондай сәттерде поэзия мәдениет, тарих жайында көп сөз ететіз.

Әсіресе, жасынан өлең-жырды жарына серік еткен ағамыз бұл тақырып қозғалғанда жанып кетеді. Оның туындылары Баян-Өлгейдің аймақтық газетінде жарық көрсе, елге келгені Абай, Шет аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарияланып жүр. Осы жолдағы жыр бәсекелерін-

Жарты ғасырлық жарасым

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан тура жарты ғасыр бұрын Нұра ауданында алғаш ашылған АХАЖ (ЗАГС) кеңсесінде тұңғыш болып салтанатты жағдайда заңды некелері тіркелген ерлі-зайыптылар бүгін «Алтын тойларын» атап отуде.

Орта бойлы, ер мінезді, сөзі шымыр, кескін-келбеті келіскен алпысты алқымдаған апайды жігі танып білмеген адам сұсты кейпінен іменіні қалады. Көбіне бұндай адамдар – жұмбақ. Бір қарағанда бауыр басып әңгімелесе кету де мүмкін емес сияқты. Дегенмен, әңгімеге тартқанда, ішін жылып сала береді. «Адам сөйлескенше» деген осы екен ғой...

Бір отбасының үкілеп өсірген қызы, ағаларының жанашыры, енесімен сырлас келін, күйеуінің қабағын баққан адал жар, келіндеріне өнеге, бір әулеттің шырайын келтіріп отырған Бикен Ахметова апайымыздың отбасылық өмірі тұнып тұрған өнеге десе де болады.

Әкесі ерте қайтыс болып, ағаларының аялы алақанында өсті. Қазақ жігіттерінің қарындасы десе жанын беруге даяр тұруымен қатар, сол әулеттің ар-намысы болған қазақ қызына деген ерекше көзқарасы қанға сіңген қасиеті. Ағаларына еркелеп өскен Бикен апай ер мінезді болса да, қазақы тәлім-тәрбиенің құлы болды. Әрқашан ағаларын сыйлап, арқа тұтқан жас қыз тұрмыс құрғанда жан жарына да солай ілтипат көрсете білді. Әке орнына әке болған ағалары тұрмысқа шыққалы отырған қарындасына «Сенің таңдаған ер азаматың – ендігі қорғаның, оны құрметтеу – жары ретінде өмірлік парызың. Өзіңнің жан серігіңнің алдында бір саты төмен екендігіңді әсте естен шығарма. Біздің атымызға кір келтірмей, басындағы бағынды бағалай біл. Ер адамның қасиетіне басыңды не біл», – дегенін бір сәтке де жадынан шығарған жоқ.

1973 жылы өмірлік жары Нұрабай Ахметовпен шаңырақ көтереді. Көп сөзге жоқ, айтса сүйегінен өткізедей қадап сөйлейтін ананың тәрбиесі, ағаларының тәлімін жасынан естіп өскен есті қыз осылайша рухани толысып, саналы түрде отбасын құрады. Шаруа отбасында өсіп-өнген қағылз қыз зиялы отбасына келін болып тұрды. Үлкен әулеттің босағасын аттады. Атасы прокурор, отбасында бес ұл. Енесі үй шарасындағы әйел болғанымен, өте парасатты адам болған. Ен жайлауда, атқа мініп, ағаларына қолғабыс етіп жүрген қайсар қыздың ендігі борышы – келіндік міндетін атқару. Ағаларының атына кір келтірмей, көргенді жердің қызы екендігін көрсету еді. Бикен апай бұл үдеден шыға білді. Бағына орай, енесі де өмірден көргені көп, түйгені мол жан екен. Қысы-жазы үйінен кісі үзілмейтін, адал асымен ақ дастарханын тарту ететін ниеті түзу жан.

– Үйге келген кісі – Қыдыр, онымен бірге құт келеді, – деп, күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні қабақ шытпай қарсы алып, шығарып салатын. Мені де соған бауылды. Анам үнемі «Үлкен кісіні сыйла, жүрегіне қаяу салма, көңіліне кіршіп түсірме» деп отыратын. Осы бір сөз әбден балымсың сіңіп кетті. Қанша жерден ширақ болсам да, енеме қарсы келген емеспін. Отау

құрығында тоғызын бағалай алсақ, жарадық.

Дана әжеден даралық дарымаса да, бидайдың үлкендегідей ғана болса да, бір ұшқын алғанымыз өмірдегі терімқазық. Қажының келіні әжем аштықты, сұрапыл соғысты, шолақ белсенділердің «шаш ал десе, бас алған» пәтуасыз билігін өткерген еді. Балаларын, жарын жоғалтудың зіл батпан қасіретіне қайыспаған қайратты-тын жарықтық.

Кеңсе кезінде де бес уақыт намаз оқитын. «Құдайдың құлымын. Мұхаммедтің үмбетімін. Шариғаттың досымын. Құдай бар. Пайғамбар хак. Құран шын» дегенді тіліміз билдырлағаннан-ақ әжемізден жаттап алған едік.

Батағөй еді. Дастарқан басынан әжем бата жасамайынша тұрмайтын жазылмаған заң бар еді отбасында. Осы күні бата қайырмақ түгілі бетімізді сипай салуды да ұмытып кеткенбіз. Тіпті, алыстан, жақыннан әдейі бата сұрап, бата алғысы келетін адам да көп еді. Елдің бәрі «Әже» дейтін. Өйткені, басқалай атау мүмкін емес. Ол кісі Әже-тің, ақиқатында. Тізе берсең, таусылмайтын ауызша энциклопедия іспеттес. Қай сабағын тауысқандаймын?!

Бұл расымен, Әже институты екен. Осыдан соң қазіргі бұл институт қандай? Оны институт деуге сыя ма? Оны әркім өзі бағамдар...

Біздікі жәй. Отбасы күнінде ойға келген ностальгия...

келіндік міндетінен жаңылған емес. Көңілімді тауып, іші бауырыма кіріп, амандығымды біліп отырады. Ата-анадан, енеден алған ғибрат Нұрабай мен Бикеннің өнегелі отбасы болуына зор ықпал етті. Өздері де саналы ұрпақ тәрбиелеп отыр. Өкшемді басып келе жатқан ізбасарыма ризамын, – дейді үлкен енесі Ғайкел апалы.

Өз жұртындағы үлкендердің осындай ақ батасын алып, алғысына бөленіп жүрген Бикен апай түрлі салада қызмет етті. Жолдасы Нұрабай аға құрылыс саласының білгір маманы болды. Ол кісінің құрылыс жобалауымен Нұра ауданында 100-ге тарта құрылыс нысандары бой көтерді. Туған жеріндегі зәулім ғимараттарда білімді маманның қолтаңбасы бар. Бикен апай мұғалімдіктен мемлекеттік қызметкер, одан кейін журналистік салада жемісті еңбек етті. Осындай



байлардың алдында. Босағаның берік болуы тек екеуінің ғана қолында еді. Әрине, бұл үдеден Бикен апай жары Нұрабай ағаның қолдауымен шықты. Жеке отау екеуін әбден шынықтырды. Өзара бірлесе отырып, арман-тілек ойлары бір мақсатқа тоғысты десе де болады. Дәл осы шаңырақтың босағасының берік, керегесінің кең болуы – отағасының еңбегі. Әйел адамның отағасына қорғаным деп бойысуы бүгінгі «Алтын тойға» жеткізді.

Мектепке мұғалім болып орналасып, еңбек ете бастады. Отбасы болғандықтан, оның үстіне, жас отау болғандықтан, ыдыс-аяқ шылдырмамай тұрмайды. Ондай кезде Нұрабай ағаның байыптылығы басты орында тұратын. «Отбасымызда болып жатқан жағдайды сыртқа шығарма, бір құрқына айтқаныңды екіншісі біліп отырады. Түбінде бұл өзіне таяқ болады» деген отағасының сөзі жас отбасы іргесінің берік болуына негіз болды.

Он жыл бөлек тұрып, еселі еңбек еткен Нұрабай аға мен Бикен апай енесі сырқаттанып қалғаннан кейін қайта қарашаңыраққа оралып, аяулы аналарын күтеді. Сырқат адамның жағдайын жасап, күтіп-баптаған Бикен апай енесін ақ жуып, арулап жөнелтті. Ер азаматының қадір-қасиетіне бас иіп, оның отбасына судай сіңіп, қасиетті қарашаңырақтың шырайын келтіріп отырған Бикен апа өзінің осы күнгі жеткен жетістігінде жанына жаны жандардың әсері болғанын тебіреніспен еске алды. Өзім болдым, өзім толдым деген бір ауыз сөз шықпады аузынан. Қарашаңырақтың киесін сезініп, сол отбасының ырысын еселеуде барын салды.

– Бикен, біздің шаңыраққа құтты келін болды. Үлкеннің алдынан кесе көлденең өткен емес. Көргенді әулеттен шыққаны көрініп тұрды. Әлі де



– Мен Қазақстанға жан бағып, күн көру үшін табан тірегенім жоқ. Мақсатым өзімнен өрбіген ұрпағымды тәуелсіз Қазақстанға жеткізіп, осында өркен жайғанын көздендік, – дейді бірден Әбекең бұл жөнінде.

Айтса айтқандай, Моңғол жеріндегі каракөз бауырларымыздың тұрмыстары нашар болмаған. Ондағы өмір салты мен білім беру ісі кешегі біздің кенестік жүйеден аса айырмасы жоқ-тын. Баян-Өлгей аймағының орталығында 1950 жылдың 10 наурызында дүниеге келген Абай Бекейұлы да сол үрдіспен туған жеріндегі орта мектепті, одан кейін ел астанасы Ұлан-Батор қаласындағы педагогикалық институты биология факультетін 1979 жылы бітіріп, қызметке араласты. Бұл мамандықты таңдауына Монғолиядағы мықты мұғалімдердің бірі болған марқұм әкесі Бекей Мәмидұлының әсер еткені де рас. Қырық жылдай оқу-ағарту саласында тер теккен ол ұстаз да, мектеп директоры, аймақтық мәдениет, ауыл шаруашылығы бөлімдерінің, сұмын (біздіңше кеңшар) бастығы болып, «Халық мұғалімі» атағын алған. Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, МХР-дың «Алтын Жұлдыз» және «Еңбек» ордендерімен, «Құрмет», тағы да басқа медальдарымен марапатталған. 1976 жылы қайтыс болып, туған жері Саксайда жерленген.

беру ісінің үздігі, шахматтан 1 дәрежелі спортшы атанды. 1973 жылы Монғолия медицина институтының түлегі Қамар Қапаққызымен бас қосып, шаңырақ көтереді. Жоғары оқу орнынан дәрігер-гинеколог мамандығын алып шыққан ол дәрігерлік қызметінде мыңға тарта сәбидің кіндігін кесіп, жарық дүниені аман-есен көруіне себепші болған. Өзі де ағамыз екеуі өмірге әкелген төрт ұл мен үш қыздың анасы болып, МХР-дың 1,2 дәрежелі «Ана даңқы» (Батыр ана) орденін алып, зейнетке шыққан. Қазір Әбекең екеуі балаларынан көрген 15 немере-жеіненің қызығына тоймай, бір үлкен әулеттің басы болып отыр.

Қазағымыз «Жақсы бала лаңыз, жарқырап шыққан күлмен тең, жаман болса балаңыз, көз алдында жүрген жынымен тең» демекші, Құдайға шүкір, бұл үйдің ұл-қыздары тегіс аяқтанып, жоғары білім алып, өмірдегі өз орындарын тауып, әр салада еңбек етуде. Соларға сай келіндері мен күйеу балалары да түгелдей жоғары білімді. Атап айтқанда, балаларының үлкені Ақан мен үшіншісі Шыңғыс – құқық қорғау органдарының қызметкерлері, екеуі де майор шенінде. Ал, Ақыны мен Алтайханы Қарағанды политехникалық институтын тәмамдаған. Қыздары да жоғары білімді мамандар: Розасы – дәрігер, Рахсы – экономист, Ризасы – мұғалім. Міне,

де де қанжығасы құр емес. Атап айтқанда, Абай ауданында өткен «Иманды елге нұр жауар», Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мүшәйралардың бірінде жүлдегер, екіншісінде жеңімпаз атанған. Сондай-ақ, мәуліт мейрамына орай «Ғаламның рақым нұры» атты облыстық байқауда жүлде алып, Ұлы Женістің 75 жылдығы құрметіне өткізілген «Қайран ерлер – қаһарман ерлер» облыстық фестивалінің дипломанты болды. Енді, ол осы өлеңдерін топтастырып, жинақ етіп шығару қамында. Бұған дейін Абай ағамыз 2014 жылы әкесі туралы естелік кітабын шығарған-ды.

Қазірге жасы жетпістен асқан Әбекең бейнетінің зейнетін көскан бала-шағасының ортасында шадыман өмір кешуде. 2014 жылға дейін, құрметті демалысқа шыққанша Қарағандыдағы Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектепте өз пәні бойынша сабақ беріп, Шет ауданындағы Нұраталды ауылында орта мектеп директорының орынбасары, кейінгі кезде Топар кентінің Абай атындағы орта мектепте биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген.

Міне, елуінде елім деп елжіреп келіп, Ата жұртында абыройға бөленіп, ақсақал атанған Абай ағамыз жайында әзірге айтарымыз осы.

Абай ауданы

• МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Мағжантанудың маңызды мәселелері

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, еңсемізді тіктеуге Алаш қайраткерлерінің мұралары дәнекер болды. Бұрынғы Кеңес дәуірі мен атқамінерлерін асыра мақтап, әсірелей сипаттайтын әдебиеттерді оқитындарға басқаша ой салып, тарихқа қалай қарау керектігімен толқытқанда солардың жарық көрген мұралары еді. Сандаған жылдар бойы қапастағы сандықтарда сарғайып жатқан, халқымыздың шындық үшін арпалысқан шынарлары Шәкәрім, Міржақып, Әлихан, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан және т.б. шығармаларын құлшына оқығандар көп екені аян. Ойға француздың филологы және тарихшысы Жозеф Эрнест Ренанның: «Шындыққа ғашық адамның ақын немесе ұлы болуының қажеті жоқ. Өз тарапынан ешқандай күш-жігер жұмсамай-ақ, ол – ақын да, ұлы да» дейтін пікірі түседі. Ғасырға жуық туған халқынан жасырылып, ел игілігіне айналмаған алашшыл ғұлама дарындарымыз шындық үшін арпалысып, ақиқатты айтқаны үшін атылып кете барыпты.

Осы сұрапыл мен дүрбелеңнің құрбаны болған, қазақтың қайталанбас ақыны, ғасырға жуық атын атауға тыйым салынған, мұрасы көзден тасаланған Мағжан Жұмабаев екендігі баршаға мәлім. Жастайынан оқу оқып, білімі мен ізденісі жағынан өз дәуірінің айтулылары қатарынан көрінген ақынды қолдаушылар көп болды. Мағжанның қазақ поэзиясына келуі ерекше құбылыс еді. Өзінің «Мен кім?», «Өткен күн», «Орал», «Орал тауы», «Түркістан», «Мен жастарға сенемін», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі» және т.б. өлеңдерінде ақынға тән асаулық, сөз сүлейі байқай алатын аңғарымпаздық, түркіден қалған тектілік ұрандап тұр.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген, Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? Ұлттың ары мен ұяты, айрылық пен арамдыққа я төзе алмайтын мінезін ақынның «Қазақ азаматы», «Төбет», «Бір биге», «Дәрігер», «Ескендірдің екі мүйізі», «Мешіт һәм абақты», «Көк теке» өлеңдерінен тауып, халқына қара өлеңмен ұран салып тұрған баһадүр батырдың бейнесін көз алдына келтіресін. Бір анығы, Мағжанның ақындық өнері екі ғасырдың жалға-

стығындағы оlara шаққа тап келді. Түбі бір түркі халықтарының тарыдай шашылып, бұрын өздеріне бодан елдің отарлауы, таптық жүйе енгізіп мұратына жетпек болған Кеңес дәуірінің әпербакан әрекеттеріне қарсылық көрсету ақынның өмірлік ұстанымына айналды. Ақынның өткір ызалы лирикасы, құлашы кең эпикалық поэмалары түркінің өткен өмірі мен қазіргі тірлігін салыстыра баяндауға құрылды. Мағжанның «Түркістан», «Еділде», «Еділдің сағасында», «Сырдағы Алашқа», «Алатау» атты өлеңдері мен «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Токсанның тобы» поэмаларының айтар ақиқаты сол еді. «Бұл іске неге барды?», «Түркі әлемін темірқазық етуінің сыры неде?» – деген сауалдарға өзінің «Жан сөзі» атты азаматтық лирикасымен жауап берген еді.

Дарига, сол күндерде күнім қараң, Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған. Болғайсын, сыншы болсаң, әділ сыншы, Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек – жынды дерсің, Күнді Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің. «Сүйіп, күліп, күйіп – көз жасын төгіп, Жынды жүрек өлді де тынды!» – дерсің. Өмірім өтпей айтқанымнан қайтпаймын «Менің жүрегім солай деп соғады» дегенді түсінгенге егіле жеткізген. Сол айтқаны үшін жазықсыз жапа шегіп, солақай сыншылар мен ұрда-жық «үш әріп», тексіз тергеушілерден запы болған ақын: Жүрегім, мен зарлымын

жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі, Сондықтан жаным күйіп жа-нады да, – дейді. Сөз таныған кісіге бұндай сөзді айтуға күш-қуаты асқақ, айбынды ақынның қолынан келетіні анық. Өзінің эпикалық шығармашылығынан орын алған тұрақты түркі тұтастығын, ақын циклды Орал, Орал тауы өлеңдерінде де өткені мен бүгінгі шеңберіндегі жыр тілінде жеткізген: «Бір күнде сенің иең түрік еді, Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді. Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік Қойыңыңа жайыменен кіріп еді. Ер түрік ен далаға көрік еді,



Отырса, көпсе, қонса – ерік еді. Тұрғанда бақыт құсы бастарында, Іргесі жел, күн тимей, берік еді, – деп өткенді айтса, бүгінге былай-ша тоқталады: Қарашы төңірекке мойын бұрып, Алтай, Орал бойында тұрған түрік. Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...

Анамыз бізді өсірген қайран Орал, Мойның бұр, тұңғышыңа қайтып Орал! Қосылып батыр түрік балалары Таптапта, қолын кесіп, тізгінге орал.

Мағжанға қатысты зерттеулер ақынның символист екендігін дәлелдейді. Анығында Мағжанның азаматтық лирикасындағы айтылар ой, асқақ арманы, қиялы сол арнаға айтарлықтай үлес қосады. Бүгінде Орал, Орал тауы, Түркістан керек десеңіз «Батыр Баян» поэмасы туралы талдау жоқ, тамсануы ғана ба-сым мәліметтер ұшырасады. Ақынның дәл осы шығармалары туралы зерттеулер жүргізіп, көлемді ғылы-ми еңбектер жазуға болады. Алысқа бармай-ақ, «Орал тауы» өлеңінің біз келтірген шумағына назар аударсақ, «Атаны – аспанға, ананы – жерге балаған түркінің ақындық дәстүрі», «Орал тауының иесі түркі еді ғой» деген астарлы түсінік тұр. Ол аз де-сеңіз, астарлы ақиқаттың аксиома-сы «Мойның бұр тұңғышыңа, бер-мен орал!» – дегенде, бұл жердің алғашқы бауыр басқан төл перзент-

терінен басқаға ауып бара жатқаны тектілік тілімен түсіндірілген.

Мәңгілік тақырыпқа айтарлықтай үлес қосқан Мағжанның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Шолпы», «Сен сұлу», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуга», «Қайғылы сұлуга», «Жәмила» және т.б. махаббат лирикасы түйіні солай дейді. Дархан далада еліктей еркелеп, күндей күлімдеп жүрген аруды дәл табиғи қалпында көрсем, менің басыма түскен халді ұмыттыра алатын сол болмақ деген де ақын қиялынан әсерлі шыққан:

Еркетайым, келсең егер қасыма, Сәулелерден шок қадар ем басыңа. Көз жасынан меруерт тізіп берер ем, Келші, күлмей көзден аққан жасыма. Келші, көзім, Күн нұрына көмейін, Сүйші – өлейін, «неге өлейін?» демейін. Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей, Жұлдызды – жүзік, Айды алқағып берейін.

Тәуелсіз ел атанар тұста халқымен қайта қауышып, ел игілігіне айналған Мағжан поэзиясының айтары ел мен жер тағдыры, Алаш тарихының ақиқаты, түркіден қалған тектілік пен бабалар аманатына адалдық болып жасай бермек.

Қазақ халқында «Жау жоқ деме, жар астында» дейтін нақыл бар. Мағжанды кімәлі қылып, абақтыға жаптыруға, аттыруға дейін жеткізгендер кімдер? Дербес ел болған тұста сөзегейлер қаптады. Алашшыл әдебиет өкілдеріне қа-

уіп төндіріп, жазалауға себепті Сәкеннен көрушілер көбейді. «Оған дәлелді «Тар жол, тайғақ кешу» ме-муарлық романынан тапты. Кеңес үкіметі қолқалап, жазбасқа амалын қалдырмаған дәл осы шығарма арқылы ұрпақ жалғастығы «Алаш поэзиясы», «Алашорда үкіметі», «Алашшыл әдебиет өкілдері» тура-лы ұғымдарды біліп, олар туралы деректер білуге құлшынды. Сәкен сандаған адамға сын айтса да, дәуір дүрбелеңін түсіндіріп, ел болу жо-лындағы түркі әлемін темірқазық еткен тарихи тұлғалар есімін жа-рыққа шығарды. Кеңес дәуірі қалыптастырған бірді-бірге айдап салу, жүз бен жүзді, ру мен руды жіктеп, жіліктеуге келгенде алдына жан салмайтын қайраткерлер легі пайда болды. Мағжанға қастандық Сәкеннен болуы тиіс деген жора-мал бықсып, жалынға айналды. Бар өмірін Сәкенді зерттеуге арнаған ға-лым Тұрсынбек Кәкішев ара түсіп, арнайы Мағжан мен Сәкенге қаты-сты кітап жазды. Біз бұл мәселеге қатысты әлі де ораламыз. Әйтсе де, Сәкен не айтса да ашық айтып, жалған істің адамы емес екендігін дәлелдеген. Екі ақынның арасында бір-біріне әзіл-оспақ өлең түрінде айтылып, жазылып қалғаны мәлім. Бір таңғаларлығы екеуі бірін-бірі іздеп, сағыныс жүздесулері тура-лы дәлелдер жеткілікті. Анығында Мағжан шығармашылығына әде-би соттың күш-қуатын арттырған С.Мұқанов, Н.Төреқұлов, Ә.Тәжібаевтар болғаны мәлім. Кеңес дәуірінің пәрмені бұл ағаларымыз-ды айдап салып, солай істеткен де болар. Сол сұрапыл кезеңнің өзінде Мағжанды ақтау мәселесі екі рет

күн тәртібіне түсіп, екеуінде де ақын шығармаларын зиянды деген ұйғарым жасапты. Көзі тірісінде Мағжан осының бәрін біліп, іштей азап шекті. Оның дәлелін Мағжан-ның өзі де жазып қалдырған: «Сонғы жылдары ештеңе жазған жоқпын, әдебиеттен мүлдем сырт қалып, шеттеп барамын... Бақыт-сыздығыма қарай, сол кездегі қа-зақ әдебиетінде ауа райын жасап жүрген кісілер мені аямай әдебиет-тен аластауға тырысты. Ә.Байділ-дин, Ш.Токжігітов дегендер нағыз қанішер екен, соңыма түсіп, күн көрсетуді қойды. Осынау шағын топ басылым бетінде шу көтергені соншалық, жазуға қолым бармай, сал адамдай сансырап қалғаным рас. Тері бір емес, екі емес, өне бойы ізіне түсіп, тырнақ астынан кір іздеп, шулығын жасай берген соң жазушылар ортасынан қашады екенсің. Әдебиет табалдырығынан жаңа аттаған бозөкпе жастан бастап, ата сақалы аузына түскен жасы үлкеніне дейін жұрттың на-зарына ілігу үшін менің есімімді жіктеп септеп, сын айтуды әдетке айналдырып алды». Мағжан бұдан әрі сыншылардың әділетсіздігі көр-кем шығарманы оқымай, тақыры-бына үңіле салып сын айтқандары-на жамандай күйінді. Жазушының шығармашылық жолындағы жан азабына, мына жазықсыз жала, ар азабын қосқандағы тағдырын сөз-бен айтудың өзі қандай қиын.

Әйтсе де, ақын ақын Мағжан-ды өз дәуірінде де жақтаушы, бай-ыпты бағалаушылар болған. Солар-дың ішінде айтулы азамат, көрнекті әдебиеттанушы У.Омаровтың пікірі дәлелді еді. «Мағжан – қазақ әдеби-етінің жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір «әдебиеттің жұлдызы бола-мыз» деп жүргендер сеніп қалады. Осы бір кертартпалықтың қыр-сығынан күніміз әлі күнге дейін нұрын шаша алмай келеді», – деді У.Омаров. Бұған бүгінде елдің көзі жетіп, ақын туралы байыпты пікір-лер айтыла бастады. Қазақ поэзия-сының айын оңынан, жұлдызын соңынан тудырған Мағжан ақын әлем білетін Пушкин, Лермонтов-тармен қатар тұратын алып тұлға. Әзірше ақынды тану мәселесінде ұтқанымыз бен ұтылғанымыз тай-таласып тұр. Мағжанды оқып, білу-ге таудай талап пен талант керек.

Себебі, Мағжан тек қазақтың ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рух қамалын сақтап қалған ақын екені ақиқат.

Берік РАХЫМОВ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарУ профессоры,
филология ғылымдарының
докторы,
ЖОО үздік педагогі

• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ

Шынайылықпен шырайланған жинақ

Жақында жарық көрген белгілі журналист Бекәділ Семқұлдың «Дүние жарық» жыр жинағына әр жылдары жазылған өлеңдері топтастырылған екен. Содан да болар, кітапты басынан аяғына дейін оқып шыққанда, қимас балалық шақ, тай-құлындай бірге асыр салған бала кездің достары, ешқашан көз алдынан кетпейтін туған жердің суреттері, оның ыстық құшағы, анаға, әкеге, жарға, балаға, немереге, елге, Отанға деген ыстық сүйіспеншілік, сағы-ныш сезімі, көңіл күйлері, төрткүл дүние тынысы, өмір белестері, көркем тіл-мен кестеленген бір тұтас әлем көз алдына келіп тұра қалады.

Ақынның жан сыры ақ қағаз бетіне жыр жолдары болып түседі. Бүкпесіз. Шынайы. Әсерлі. Жасандылықтан ада. Алып ұшу, орынсыз өрекпу жоқ. Жас ба-ланың көңіліндей аңқау, аңғал, кіршіксіз ақын жанының көңіл түпкіріндегі сырла-рын өлең жария етіп ашып қояды.

Әз анамдай ашады далам құшақ, Бір жетіспіз, тынайып қалам күш ап. Ауыл жасқақ алаңдап жүрем ылғи, Иссапарда жүрген бір адам құсап, – дей-ді «Ауылға хат» деген өлеңінде.

Ақынның «Толқындары Іленің», «Балқашым», «Шоңқабайдың жидесі», «Құмды өлкем», «Қаройым», «Бақана-сым – өскен жерім», «Құм жыры», «Біздің балалық», «Ысқақ атам» және т.б. өлең-дерінен өзінді, өзінің ауылынды, ауыл-дастарынды, тіпті, бала махаббаттарыңды тауып алып, нөсер жаңбырдың астында ақынмен бірге жүгіріп, айдын шалқар көлінде бірге жүзіп, өзенінің жағасында отырып, тәтті ойға шомасың.

Арқау жіптей бір тылсым тартып тұрар, Тартып тұрар, көңілім шалқып тұрар. Өйткені анам бейнесі көз алдымда, Сәби шақтың иісі аңқып тұрар. Осы бір шумақтан туған жерге маг-ниттей тартып тұратын тылсым күштің не екенін түсінгендей боласың.

Ақын да ет пен сүйектен жаралған. Оның да өз тағдыр-талайы бар. Өмірде жастай ен сүйікті, қымбат адамы анасынан айырылып қалған сәби шақтағы өзекті өртеген бір өкініш қаншама жылдар өтсе де, ұмытылмайды, жүректі жарып шығып жырға айналады.


Бала кезден сезіп өстім күз демін, Өмірдің көп бастан кештім түзегін. Бір мейірім жетпей қашпн үнемі, Ана, сені іздедім.

Ақ селеуді көрген кезде түздегі, Сағынышым бал-бұл жанып жүздегі. Ақ жаулығыз көз алдыма елестеп, Ана, сені іздедім.

Бұл – ақынның «Ана, сені іздедім» де-ген өлеңі. Жанында мөлдір сезім, бейкүнә мұң бар. Ана мейіріміне толық қанып, ана-ның аялы алақанын толық сезініп үлгер-е алмай қалған жан, есейіп ержетіп, шау тарта да, сол бір мейірімді, жан шуағын үнемі іздейді.

Жанарындағы мұңды, базарлы, бал-дай тәтті балалық шақтың қызығы мен шыжығы бір сәт ұмыттырып жібергендей болады. Оны естен шығару әсте мүмкін емес. «Біздің балалық» топтамасын оқи отырып, оған анық көз жеткізесің.

Ала қашып кейде дәптер, қаламын, Құрбы қыздың ашуына қалатын.



Ойлап тұрсам соның бәрі ойпыр-ау, Ойламастан балалықпен болатын. Шырын шақтардың шынайы суреттері әсірелеп боямай-ақ, көз алдыңнан тізіліп осылай өте береді, өте береді. Аңғал, ал-бырт, бірақ қызығына тоймас керемет сыр-лы, ғажайып.

Бірақ, өмір сен ойлағандай емес. Қуа-нышқа бөлейтін, рахат сезімге кенелтетін, қиялыңды шарықтатып аспанға алып ұшатын тұстарымен қатар, көңіл күйіңді жабырқататын, қалтыратып тоңдыратын суық, ызғары, қайғы-мұңы аралас жүреді.

Тылсымы көп өмір жұмбақ, Күніне мың құбылатын. Бірде тұрса өңін сұрлап, Бірде шуақ жылынатын, – деп оны да ақынның өзі тап басып жеткізеді. Өмір-дегі әділетсіздік, тоғышарлық, жалғандық, көреалмаушылық, екіжүзділік, қатыгездік сияқты адамшылыққа жат нәрселерге

оның да жаны қас, төзе алмайды. Сон-дықтан:

Десе де қанша таң қалдым, Келемін әлі түсінбей. Күнәһар мынау жалғанның, Қабылдап бәрін түсімдей, – деуі тегін емес. Өмірдің осындай сұрқай жақта-рынан бірауық жалыққандай болған ақын, ақ бұлттардың арасына сіңіп, табиғатпен тұтасып, бір сәт періштеге айналып кет-кейі келіп:

Жер де мынау, сүттей әппақ ай жарық, Ай жарығы келед бұлтты жай жарып. ...Сол қалпымда сіңіп кетсем

дүние-ай, Әппақ түске мен де бір сәт айналып, – деп қиялға беріледі.

Ақын жаны – мазасыз. Ақын жаны – нәзік. Ақын жаны – сезімтал, тез жара-ланғыш. Дүниенің бір түпкірінде болып жатқан қантөгіс, мезгілсіз атылған оқ, жәбір көрген сәби, қиянаттың құрбаны болған жазықсыз жан, бәрі-бәрі оның жүрегін ауыртып, отан салмақ түсіреді. Өзінің қарсылық үнін білдірмей тұра ал-майды. Өйткені, ақындық миссияның да өзі сол. «Виктор Хара», «Қаралы түн. Пар-иыз» және т.б. өлеңдерінен осыны аңғара-мыз.

Өлеңдердің тақырыбы әр алуан. Та-биғат суреттерін, уақыт пен өмір кезең-дерін, көңіл күйлерін жырлаған өлеңдері бір пара десек, арнау өлеңдерінде тір-шілікте өзі араласып жүрген, өнеге тұтар жандардың қадір-қасиетін, парасатын, биік тұлғасын үлгі етіп оқырманға ұсы-нады.

Мейіржан ТАПАШЕВ,
филология ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған профессор

• ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Болашақ жауынгерлер бәсекесі

Отан қорғаушылар күні қар-саңында Топар кентінің «Энергетик-тер» Мәдениет үйінде «Бүгінгі ұрпақ – ертенгі ел қорғаны» атты байқау өтті. Отан осы кенттегі Абай, Бауыржан Момышұлы және Н.Корниенко атын-дағы мектептердің 10-сынып оқу-шыларының әрқайсы 3 ер баладан құралған 3 командасы қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл патриоттық шараның мақсаты – аз уақыттан кейін Отан қорғаушылар ката-рына қосылатын болашақ жауынгерлердің әскери өмірге дайындығын, жылдамдығы мен шеберлігін тексеріп, сарапқа салу. Олар жарыс шартына байланысты өздерін таны-стырып, әскери дабыл, ас әзірлеу, түйме қадау, техникаға жанармай құю жөнінен сынга түсті.

Бәсекеге қатысушыларды Абай ауданының Ауған соғысы ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Болат Қасымов құттықтағаннан кейін олар іске кірісті. Әр команда мүшелері барын салып, бірі-нен-бірі асып түсуге тырысты. Тапсырма-лардың орындалысы түгелдей мінсіз бол-маса да, олардың қимыл-әрекетінен жеңіске деген жігер аңғарылып тұрды. Дегенмен, «Көш жүре түзеледі» демекші, үш команда да сынақтардан сүрінбей өтіп, қорытын-дысында Бауыржан бабасының есімін ие-ленген мектеп командасы I орынды жеңіп алса, қалған командалары жоғарыда аталған екі мектеп командасы өзара бөлісіп, оларға кент әкімінің Алғыс хаттары табыс етілді.

Сайыс сындары арасында «Акерке» ба-лабақшасының бүлдіршіндері мен мектеп оқушылары ән айтып, би билеп, сонынан жарыс жеңімпаздары арнайы шақырылған Ауған соғысы ардагерлерімен ескерткіш су-ретке түсті.

Абай ауданы

• ЗАМАНДАС

Ізгіліктің нұры сіңген жанына

Жалпы, адамның мүмкіндігінде шек жоқ. Ол бір мезетте саналы түрде ойлап, бірнеше жоспар құрып, мақсатқа жетуге талпынады. Әрі сол мұратқа жету жолында барын салады. Талпынады, өзін-өзі өсіреді. Сондай жігерлі жанның бірі – Ақтас кентінің тұрғыны Гүлнұр Құлкаева.

Бойындағы күш-қайратын маңайындағыларға қолдау көрсетуге жұмсайды. Шаршамайды, талмайды.

Өмір біреу болғанымен, тағдыр түрлі. Оны сүру жолы да сан қилы. Сондай тағдырлы жанның бірі Гүлнұр өзінің денсаулығына байланысты Қарағанды жоғары медициналық интерколледжіне оқуға түседі. Бүгінде ІІ курс студенті. Өмірден түйгені көп Гүлнұрды ақ халатты абзал жан болуға итермелеген – бойына тұнған мейірімділігі. Жаны нұрдан жаралған жан айналасындағы адамдардың тағдырына бейжай қарай алмайды. «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей» демекші, маңайындағы жандарға қол ұшын беруге кез келген уақытта даяр тұрады. Еңбеккор. Іскер. Мейірбан. Қарапайым. Гүлнұрдың бойындағы осы бір асыл қасиеттер оның айналасындағы адамдарды түсінуге, оларға шарапатын тигізуге жол ашты.

Бір шаңырақтың ырысын еселеген аяулы жар, асыл ана қашанда қанатымен су сепкен қарлығаштай қоғамға шарапатын тигізіп жүреді. Алғашында 3-4 балаға ғана арнап ашылған шағын балабақшасы бүгінде өрісін кеңейткен. Жаны нәзік Гүлнұр кәсібинен



тапқан нәпақасын бөлісуге даяр. Ақтас кенті мен Саран қаласындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, тағдыр тәлкегіне түскен жандарға бейжай қарай алмайды. Қолдан келгенше көмек көрсетеді. Өзі – Ақтас кенті Аналар кеңесінің мүшесі, еріктілер қатарынан да табылып жатады. Биылғы ҚР Парламенті Мәжілісі және жергілікті мәслихаттарының кезектен тыс сайлауында айқын

басымдықпен жеңіске жетіп, Саран қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды. Бұл – өмір халқының Гүлнұрға деген сенімі. Әу бастан қайырымдылық десе

кершілікті жете түйсінген Гүлнұрдың ісі мығым болғанымен, жаны – нәзік. Алайда, өзіне тағылған айналасындағы бірен-саран адамның айыбы оны жасыта алмайды.

Себебі, оны жасаған жақсылығы, халықтың риясыз көңілі, ақ тілек алғысы жігерлендіріп отырады. Осындай мейірімді мейірбенің біздің колледжде оқуы – үлкен мәртебе. Колледж басшысы Аманжол Нұрбекұлы Нұрбеков те бұл жаны жайсаң жанды назардан тыс қалдырмады. Ақ тілек, алғысын жеткізді.

Мадина ЖИКЕЕВА

• МЕРЕЙ

Сала саңлағы

Қыдыр дарып, құт қонған шежірелі Шет өңірінің өсіп-өркендеуіне, ауданның экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосқан ауыл шаруашылығы саласы саңлағының бірі хәм бірегейі – Мақсұт. 1943 жылдың мамыражай мамыр айының 16 жұлдызында Қарағанды мен Ақмола қаласының ортасында орналасқан Маржанкөл кеңшарында дүниенің есігін ашады.

Әкесі – Қанапия кіші жүздің Рамадан тайпасынан. Ата-бабалары ерте заманда жоңғар шапқыншылығы тұсында, аумалы-төкпелі кезеңде Қарқаралы өңіріне келген. Кейіннен ашаршылық нәубеті, қуғын-сүргін, қырғын соғыс өткен соң Маржанкөл, Жана-Жұрт, Нұраталды елді мекендеріне қоныс аударған.

Анасы – Акаш сүйегі Қояншытандайдың Есенбай-Дайрабай бұтағынан, яғни Мақсұт бізге Дәулет бағамызға жиен болып келеді.

1960 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы 10 жылдық орта мектепті үздік бітіріп, сол жылы Ақмола ауыл шаруашылығы институтына түседі. Институтты 1965 жылы тәмамдап, еңбек жолын Шет ауданының Нұраталды кеңшарында қатардағы инженер-механик мамандығынан бастайды.

Мақсұтпен 60-жылдардың басы, институт қабырғасы, студенттік шақтан етене араласып, бүгінгі күнге дейін жұбымыз жазылмай дос-жаран болып келе жатырмыз.

Осы ғұмырымызда достық көңіл, ықылас-ниетімізге сызат түсірген жоқпыз. Тектіліктің ны-

шаны болар, оның бойынан адами қасиеттерді жиі байқайтынбыз. Замандастарының ортасында еңбек пен білім бағытында алғырлығы мен зеректігін көрсетті. Студенттік өмірге бізден бір жыл кейін қадам басса да, қатарласып, қанаттасып, бір үзім нанды бөле жеп, жастықтың жарқын сәттерін бастан өткіздік. Мағауия екеуі біраз жыл бойы күреспен айналысты. Өмірге, спортқа деген құлшынысы, төзімділігі арқылы өздерін шыңдады.

Мақсұт 1965 жылдың ақпан айында Целиноград қаласында үш әріптен тұратын жауапты орында қызмет атқарған есімі елге белгілі Ахмедин Исақ ағамыздың қызы Рымкешпен отбасын құрды.

Шаруашылықтың қыр-сырын жіті меңгеріп, Нұраталды кеңшарында бас инженер болып төрт жылдан аса еңбек етті.

1972 жылдың қысы қатты, қарлы болды. Көктем кештеу шықты. Алайда, осы жылдың жазы егін шаруашылығына өте қолайлы болып, жауын-шашын мол түсті. Ауданның шаруашылықтары егістік алқаптың әр гектарынан 14,0 центнерден астық жинап, мемлекетке 60,0 мың тонна астық



өткізді. Нұраталды кеңшары 1,0 миллион пұт жоғары сапалы бидай тапсырды. Ауданның 40-тан аса еңбеккерлері мемлекеттік наградаларға ие болды. Солардың ішінде Мақсұт «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Мақсұттың жұмысқа деген қабілеті ауданға 16 жыл басшы болған Сарыарқаңың тулғасы Камали Дүйсенбековтің назарынан тыс қалған жоқ. Орда бұзар отыз жасында 1972 жылы күрмеуі көп, қиындығы мол «Қарабұлақ» кеңшарына директор қылып бекітті. Бұл сенімді ақтай білді.

«Қарабұлақ» совхозы айналдырған 3-4 жылдың ішінде алға басып, қой малы өз төлінің есебінен жылдан-жылға көбейіп, шаруашылық мемлекет алдындағы міндеттерді (жоспарды) толықтай орындап тұрды.

Мақсұт 1981-1994 жылдары Ақадыр ауданының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Өспен кеңшарының

директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Бұл орында да ол өзінің жұмысқа деген іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Осы жылдары Жезказған облыстық Кеңесінің халық қалаулысы болып, ауыл еңбеккерлерінің мұң-мұқтажын, тұрмыстық мәселелерін шешуде айтарлықтай қамқорлық көрсетті. 1994 жылдан зейнеткерлікке (2006 ж) шыққанға дейін ауданның Талды елді мекенінде жеке-меншік кәсіпорының басшысы болып, осы кезеңде орын алған нарықтық қатынастарға сай ауыл шаруашылығы саласының тауар өнімдерін өндіріп, халыққа қызмет жасады.

Мақсұт пен Рымкеш (біз Рая дейтінбіз) өмірге Манас, Мәдина, Мархаба, Манара, Данап, Айнап, Жандос атты жеті перзент әкеліп, тәрбиелеп, барлығын құтты орындарына қондырды. Өкініштісі – Рая ертерек 2005 жылы өмірден өтті.

«Өмір-өзен тоқтамайды» – дегендей, Мақсұт бұрыннан өзіне таныс, туыс болған Қатирмен дәм-тұзы жарасып, бүгінде олар Қарағандыда ағайын-туыс, дос-жарандарымен бірге емен-жарқын ғұмыр кешуде.

Аса қадірлі Мақсұт – досымыз! 80-нің сеніріне сергек келген мерей жасын құтты болсын!

90-ның төрінен, 100 жастың жиегінен көріп.

Ендігі көрер күнің көктемнің көгілдір күндей шуақты болсын!

Блял ДОСКЕЙҰЛЫ,
Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ,
Мағауия МЕДЕТБЕКҰЛЫ

Қарағанды облысы: ауа райы

	14 мамыр		15 мамыр		16 мамыр	
Қарағанды қаласы	+17	+9	+19	+4	+22	+6
Абай ауданы	+17	+9	+20	+5	+23	+6
Ақтоғай ауданы	+19	+10	+18	+2	+20	+4
Бұқар жырау ауданы	+15	+9	+16	+2	+20	+2
Қарқаралы ауданы	+19	+9	+16	+2	+20	+1
Нұра ауданы	+17	+8	+20	+3	+22	+5
Осакаров ауданы	+16	+10	+17	+4	+21	+7
Шет ауданы	+18	+10	+20	+4	+22	+5

Ақпарат: <https://www.gismetco.kz/> сайтынан алынды

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотында Гульшарат Сарсенбаевна Жанпейсованың 1991 жылы 21 қаңтарда туған, Қазбек Токсантайұлы Тусипбековті, хабарсыз жоғалып кетті деп жариялау туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды.

1991 жылы 21 қаңтарда туған Қазбек Токсантайұлы Тусипбековтің, орналасқан жері туралы қандай да бір мәліметтері бар барлық адамдарға Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотына, Қарағанды қаласы 22 ықшам ауданы, 17/1 мекенжайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз, жарияланған күннен бастап үш ай ішінде»

№264

Еске алу

Тағдырдың жазуына не шара бар екен? Бұдан бір жыл бұрын асыл жарым, балаларымыздың ардақты әкесі, отбасымыздың тірегі мен қорғаны **Жәнібек Мәжитұлы АҚМАҒАНБЕТОВ** 49 жасында кенеттен өмірден өтті.

Жәнібек ұлағатты ұстаздардың үлкен отбасында өскен жақсы азамат еді. Асқар таудай әкесі мен аяулы анасынан тамаша тәлім-тәрбие алды. Қарағанды техникалық университетінде оқып, жоғары білімді маман болып шықты.

Маңдайына жазылған осы қысқа ғұмырында адал еңбек етті. Үлгілі отбасын құрып, балаларымызға әкелік тәрбиесін берді. Бір шаңырақтың астында 14 жыл тату-тәтті ғұмыр кештік. Әлі күнге дейін оның өмірден өткеніне сене алар емеспіз.

Жәнібектің тосын қазасы біздің барлығымызды есенгіретіп кетті. Әсіресе, оның аяулы анасы, ұлағатты ұстаз, еңбек ардагері Ғалия Біләлова енем қатты күйзелді. Осы ауыр қазаны ана жүрегі көтере алмай, көп уағдай Жәнібектің соңынан өзі де өмірден өтті.

Ғалия енем Атасу ауылының ардақты анасы еді. Өмірден көргені мол асыл енемнен алған тәрбием мен үйренген өнегем аз емес. Ол бізге ақылшы ана, немерелеріне қамқор әже болған еді.

Бұл да бір біздің отбасымызға түскен ауыр сынақ шығар. Болған іске болаттай берік болып, қайғыға қарсы қайрат танытудан басқа амал да қалған жоқ.

«Орында бар оңалар» дейді ғой халқымыз. Алла Жәнібектің соңында қалған балаларына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз. Оның жасамай кеткен жасы мен көрмей кеткен қызықтарын балаларымызға нәсіп етпей!

Жұбайым Жәнібек пен енем Ғалия аңамыздың топырақтары торқа болып, жатқан жерлері жайлы болсын!

Иман байлығын нәсіп етіп, пейіште рухтары шат болғай!

Еске алушы: жұбайы **Ләйла** және **балалары**

T/6

2023 жылы денсаулық сақтау қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйлығын беруге конкурс өткізу туралы хабарландыру

Медициналық еңбектің әлеуметтік мәртебесі мен маңыздылығын арттыру, мемлекеттік қолдау мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйлығын беруге конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға Қарағанды облысының аумағында қызметін жүзеге асыратын меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау саласының қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйлықтары мынадай базалық шарттар ескеріле отырып беріледі:

- 1) жоғары медициналық білім, орта медициналық білім;
- 2) жоғары немесе бірінші біліктілік санатының болуы;
- 3) мамандығы бойынша 5 жылдан астам жұмыс өтілі;
- 4) практикаға профилектиканың, диагностиканың және емдеудің жаңа технологияларын енгізу;
- 5) БАҚ-та жарияланған мақалалар мен сөз сөйлеулердің болуы;
- 6) «Үздік жас дәрігер» номинациясы бойынша 3 жылдан 5 жылға дейінгі мамандық бойынша жұмыс өтілі.

Сыйлықтар жыл сайын келесі номинациялар бойынша беріледі:

1. «Үздік ауыл дәрігері»
2. «Үздік хирург»
3. «Үздік акушер-гинеколог»
4. «Үздік жас дәрігер»
5. «Үздік педиатр»
6. «Үздік жалпы тәжірибелік дәрігер»
7. «Үздік орта медициналық қызметкер»
8. «Мамандыққа адалдығы үшін»

Сыйлықтар конкурстың негізде, Қарағанды облысы әкімі сыйлығының лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде беріледі.

Әкім сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды медициналық ұйымдар жүргізеді. Бір үміткерді екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыну мүмкін емес. Лауреаттың сыйлығын сол номинация бойынша алғаннан кейін үш жыл

ішінде оны алуға қайта ұсынуға жол берілмейді.

Облыс әкімінің сыйлығын алуға ұсынылған кандидатуралар екі кезеңде қаралады. Бірінші кезеңде комиссия сыйлықты алу конкурсына қатысу үшін кандидатураларды ірікттейді, екінші кезеңде сыйлықты беру туралы шешім қабылданады.

Облыс әкімі сыйлығына ие болған адамдарға «Қарағанды облысы әкімі сыйлығының лауреаты» құрметті дипломы табыс етіледі.

Комиссияның қарауына мыналар ұсынылады: қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсынымы, неғұрлым маңызды жұмыстар көрсетілген міндеме, дипломдар мен кәсіптік даярлық туралы куәліктердің көшірмелері.

Комиссия қатысушыларды іріктеуде мынадай критерийлерін басшылыққа алады:

- 1) халық денсаулығының сапалық және сандық көрсеткіштерінің оң серпіні;
- 2) профилактиканың, диагностиканың және емдеудің заманауи әдістерін қолдану;
- 3) дәрігерлік және орта медицина қызметкерінің тәжірибесін тарату;
- 4) зерттеу қызметін меңгеру;
- 5) дәрігер мен орта медицина қызметкерінің құзыреттілік деңгейлеріне сәйкестігі;

Құжаттарды қабылдауды Денсаулық сақтау басқармасы 2023 жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырады («Үздік орта медицина қызметкері» номинациясы бойынша медициналық ұйымдарда жеке конкурс өткізілді).

Барлық мәселелер бойынша Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасына – Денсаулық сақтау қызметкерлеріне берілетін Қарағанды облысы әкімі сыйлығының лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссияның жұмыс органына хабарласуға болады. Мекенжайы: Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 2, № 4 кабинет, анықтама телефоны: 559774.

с/ф 142.

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕБ АРҒАНДҰ БАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтты көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

ТОО «МЫҚТЫ ҚОРҒАУ»

ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-77-17,
сот.: 8-701-173-90-87,
8-700-394-98-00

Лицензия на все виды охранных услуг за № 16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ «ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК»



• «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕ – 110 ЖЫЛ

Тарихи сананы жаңғыртқан кеш

Қарағанды медицина университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесі мен Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы бірігіп, кітапханада «Қазақ» газетінің 110 жылдығына орай «XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі – қазақ қоғамының айнасы» атты республикалық онлайн/офлайн конференция өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияны Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры және «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің жетекшісі Кәмшат Жақсылыққызы тізгінідеді.

Ауқымды жиын XX ғасырдың басындағы халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған, қазақ ұлтының ұйытқысына айналған «Қазақ» газетінің тарихымен бүгінгі өскелең ұрпақты таныстыруды және газетте еңбек еткен ұлт зиялыларының рухына тағзым етуді көздеді.

Іс-шараға онлайн форматта қазақтың алғашқы баспасөзі мен оқулықтарын зерттеуші, алаштанушы Абай Мырзағали, «Qyr Balasy» қорының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Елдос Тоқтарбай, журналист, медиатренер Мейрамхан Жәпек, «Қазақ» газетінің бас



редакторы Жасулан Мәуленұлы қатысты.

Ал, офлайн форматта Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, журналист Сүйіндік Жанысбай, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Әлімжан Жакан, «Qazaq Club» мүшесі, Қарағанды облысы әкімі баспасөз қызметінің бас маманы Нұржан Сұршаұлы, Қарағанды медицина университеті, Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының PhD докторы Сәкен

Меңдоллаұлы және Қарағанды медицина университетінің оқытушысы Гүлайым Байжанқызы қатысты.

Іс-шара барысында Қарағанды медицина университетінің стоматология мек-

тебінің студенті, «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің жетекшісі Дана Пшенбаева «Қазақ» газетінің тарихы туралы кеңінен айтып өтті.

Ал, қонақтар «Қазақ» газеті жөнінде тұшымды баяндама жасап, жастардың сұрағына жауап берді. Өткен ғасырдың басындағы ұлттық рухты асқақтатқан басылымның тарихи маңызына тоқталу, ұлттық интеллигенцияны айналасына шоғырландырып, рухын оятып, жігерлендірген тарихи басылымның тарихына шолу жасау, олардың тәжірибесін жастарға насихаттау бағытында бірқатар баяндама тыңдалды. Жиын барысында «Қазақ» газеті тарихынан сыр шертетін бейнежазба мен кітап көрмесі жұрт назарына ұсынылды.

«Қазақ» газетінің Алаш зиялыларын топтастырудағы рөлі, «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалар, Ахмет Байтұрсынұлының, Әліхан Бөкейханның сіңірген еңбегі, бүгінгі «Қазақ» газетінде көтеріліп жүрген мәселелер тілге тиек етілді. Мейрамхан Жәпек ханым «Қазақ» газетінде көтерілген денсаулық сақтау саласындағы мәселелерге тоқталды. Халел Досмұхамедовтің мақалалары талқыланды.

Тарихи сананы жаңғыртқан кеш соңында Кәмшат Жақсылыққызы сөз сөйлеп, конференцияға қатысқан студенттерді, қонақтарды Алғыс хатпен марапаттады.

• ЖҮЗУ СПОРТЫ

Өз рекордын жаңартты

Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі Ксения Игнатова жүзуден өткен ел чемпионатында бақ сынап, рекорд жаңартты.

Жерлесіміз шалқалап жүзуден 200 метр қашықтықты 02:14,17 бағындырып, ел рекордын орнатты. Сонымен қатар, Грецияның Афина қаласында өткен Astropolis swim open-2023 халықаралық жүзу турнирінде сынга түсіп, қазақстандықтардың арасында бұған дейін өзі қойған рекордын жаңартты. Халықаралық байқауда 200 метр қашықтықта үздік нәтиже көрсетіп, күміс медаль жеңіп алды. Және де 200 метр және 100 метр қашықтықта кешенді жүзуден тағы екі қола медаль иеленді.



Жерлестер жарады

Паражүзуден Сингапурде өткен Әлем кубогінің сериясында бақ сынаған жерлестер жүлделі оралды. Әлемнің 22 елінен 177 спортшы қатысқан дүбірлі долада ел намысын қорғаған қарағандылық спортшыларымыздың қанжығасы бос қайтпады.

100 метрге брасс әдісімен жүзу сайысында Андрей Афанасьев – алтын жеңіп алды. Ал, Диас Кенжебек 200 метрге аралас жүзуден – алтын, 100 метрге еркін жүзуден – күміс, 100 метрге брасс әдісімен жүзуден – қола жүлде иеленді. Наталья Звягинцева 100 метрге еркін жүзуден, 50 метрге баттерфляй әдісімен және 100 метрге шалқалап жүзуден қола медаль жеңіп алды. Роман Потапов болса 100 метрге брасс әдісімен және 100 метрге шалқалап жүзуден екінші болып, қос күмісті қанжығалады.

• ПАУЭРЛИФТИНГ

Барлығы

жүлдемен оралды

Үнді Венециясының Керала штатындағы Алаппужа қаласында пауэрлифтингтен (экипировка) Азия чемпионаты өтті. Жарысқа облыстық кешенді спорт мектебінен жеті спортшымыз қатысып, барлығы жүлдемен оралды.

Азия чемпионатында Данила Клейкин, Регина Гаас пен Айбар Сапаков қарсыластарының бәрін еш қиындықсыз жеңіп, Азия чемпионы атанды. Ал, Карина Тычкова күміс медаль иеленді. Антон Марченко мен Степан Дейнека чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды. Полина Онуфрак жүрелей отырып көтеруден – II орыннан көрінді.

Азия чемпионатына облыс атынан қатысқан спортшыларымыз барлық жатығу түрінен 13 алтын, алты күміс және бір қола медаль жеңіп, үлкен нәтижеге қол жеткізді.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• ФЕСТИВАЛЬ

Ардагерлер ән салды

Балқаш қаласында Ұлы Женістің 78 жылдығына арналған «Ардагерлер ән салады» облыстық фестивалі өтті. Дәстүрлі іс-шара барысында Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Шет аудандарынан және Қарағанды, Балқаш, Саран, Шахтинск қалаларынан 21 хор ұжымы өнер көрсетті. 450-ге жуық ардагер сахнада, әскери әндер мен патриоттық тақырыптағы туындыларды тамылжыта шырқады.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі өнер ұжымдары «Мәңгілік алау» мемориалдық кешінен гүл шоқтарын қойып, ардагерлер ерлігін ұлықтап, оларға тағзым етті. Содан кейін игі шара М.Хамзин атындағы мәдениет сарайына

да хор ұжымдарының театрландырылған гала-концертіне ұласты. Салтанатты шараның ашылуында сөз сөйлеген Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылықова, облыстық Ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Аман Жанғожин фестивальдің еліміздің рухын асқақтату тұрғысында аса маңызды екенін атап өтті.

– 9 мамыр жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажыры мен мызғымастығының символы болып келеді. Балқаш мысымен жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Отандастарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасып, олардың жартысынан жуығы елге қайтып оралмады. Жауынгерлеріміздің батырлығы мен қайтпас қайсарлығы жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты

кенінің жасы сексенге жетсе, берісі алпыс бесте. Олар: «Кестелі орамал», «Женіс күні», «Майдандастар» әндерін орындап, көрерменге тамаша көңіл күй сыйлады.

27 ардагері қосылып ән салып, көпшіліктің көшеметіне бөленген Қарқаралының «Қайран жастық» ардагерлер хор ұжымы ерекше дайындықпен келіпті. Өнер ұжымы аға ұрпақтың Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігінің үлгісін көрсету басты парызы екенін жеткізді.

– Жыл сайын ұйымдастырылып отырған «Ардагерлер ән салады» фестивалі «көлге тамған тамшыдай» болса да бейбіт таңда ардагерлерімізге, осы соғыстан қайтпаған аталарымыздың рухына көрсеткен құрметіміз. Қарқаралы ауданының «Қайран жастық» ардагерлер хор ұжымы 1993 жылы құрылды. Ұлы Женістің 50 жылдығына арналған өнер байқауында, сонымен қатар, «Қарттарым – асыл қазынам» облыстық байқауларда I орынды еншіледік. Бұдан бөлек, бірнеше өнер додасында топ жардық. Бүгін балқаштықтардың ардагерлерге деген құрметі ерекше болды, – дейді хор жетекшісі Темірбек Сыздықов.

«Ардагерлер ән салады» фестивалі Балқаш қаласының «Балқаш сазы» ардагерлер хорының орындауында «Бейбіт күн тілегі» әнімен өз мәресіне жетті. Сондай-ақ, барлық ұжымға Алғыс хаттар мен сыйлықтар тарту етілді.

Айта кетейік, аталған фестиваль алғаш рет 1990 жылы Шахтинск қаласында, мәдениет үйінің директоры Николай Перетяконың бастамасымен өткен. Содан бері хор ұжымдарының қатысушылары фестиваль аясында бүкіл Қарағанды облысын аралап, өнер көрсетіп келеді.

БАЛҚАШ

• ЖАҢА КІТАП

Байтаққа баян етер байғазы жыр

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Төлеубай Ермекебаев пен Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Айгүл Түсіпбекованы республика шеңберінде білмейтін жан кемде-кем. Кейінде әлеуметтік желі бетінде құда мен құдағидың жазба айтысы – көзіқаракты оқырманға ғанибет сыйлаған зерлі жыр айтысы.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазбаша айтыс ерте заманда Шығыс әдебиетінде болған үрдіс. Көне заманнан келе жатқан айтыс дәстүрі қазақ арасына кең тарады. Бұл құбылыс XX ғасырдың бас кезінен бастап шықты, оның өзіндік өрнектері бар еді. Жазбаша айтыс ауызша айтыстың қорынан пайда болды, яғни соның заңды жалғасы, бір тарауы сияқты. Жазба айтыс сауаттылыққа, отырықшылыққа орай өріс тапқан

болуы керек. Сауатты ақындар жұрт алдына шықпай, хат арқылы сөз сайысына түсті. Хатқа түскен айтыста ақын әр жайды өлең етпей, бір желіні өзек етеді. Мұндайда кейде мәдени, тарихи тақырыптар көтеріледі. Сөз сайысында әр ақын асықпай, айтпақ ойын белгілі бір қазыққа байлап айтады.

Біз сөз еткен құда мен құдағи айтысының көркемдік деңгейі өте жоғары. Сахнадағы көп айтысқа қарағанда жазба айтыстың артықшылығы да осы көркемдік деңгейімен өлшенсе керек. Екеуара сөз

жарысынан болмысынан ажырағысыз таза қазақы таным мен астарлы әзіл-қалжыңды мол ұшыратасыз. Өнер ізсіз қалмайды. Жанғырған дәстүрдің жаңғырығы «Жырға ғашық жүректер» атты кітапқа айналыпты. Кітаптың жарық көруіне атсалысқан жаны аяулы атпал азамат Әбілқайыр Ошақбаев болса, аты мәшһүр Моншақбай палуанның немересі.

Кітап «Жаңғырған дәстүр», «Құдағи бір партия», «Онаша қалып өлеңмен», «Айгүл құдағидың жыр дәптерінен», «Төлеубай құданың жыр дәптерінен» деген тарауларға бөлінген.

Бір мұқабаның астарына жасырынған айтыс, жыр жинағынан бүгінгі адам мен қоғам, өмір мен өнер тынысы, жастықтың жалын қызуы мен елжіреген жүректің ерке сылқым лүпілі аңғарылады.



Ортамызға олжа болып оралған, өлең өлкесінде ерек қолтаңбасы менмұндалап тұрған қос қаламдас-замандастың әр туындысы ізгілік пен інкәрлік, асқақ азаматтық ұстанымын паш етеді.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqda Aqragat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустримальна Караганда» газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МЫСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приззерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сенейбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJL2XHX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№52 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК